

# ПИОНЕР



Ноябрь

1947 жыл

№ 11

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ



# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық  
Комитетінің айына бір рет  
шығатын балалар журналы

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

№ 11

НОЯБРЬ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл

Бағасы 2 сөм

## Туған күнім

Сағынғала СЕИТОВ

Жаң емен ол күндерді көзбен көрсем,  
Өтпегем Октябрьдің өткелдерін.  
Түйгені, тергені көп сұңғыла емен,  
Айтатын аңыз етін өткендерін.

Болғам жоқ штурмында Қысқы сарай,  
Көрсем де жоқ сол күнгі Питер таңын.  
Жүргем де жоқ мылғықты кезен ұстай,  
Көшегінде сөздары Москваның.

Білем тек кітаптардан, фильмдерден:  
Толғатын, туды қалай жаңа заман.  
Жатқанда түлеп тарих сол дүбірден,  
Жөргекте бөбек екем инталаған.

Күәдай көрін түтел бәрін соңын,  
Айрағы болмасамда, білем анық:  
Тұрмапты ескі дүние тосын жанын,  
Көс қалдан соққанда Кек шамырқанын.

Соңына Егіз Қыран ерітті ел,  
Шындықтың жарқыраған жолың көрін.  
Іргесі қаланыңты ерітті ел,  
Туын Совет Отаны бауы берік.

Жар сапты басталды деп жаңа тасыр,  
Бортыған «Аврораның» атылған оқ.  
Смольный, ескерткіштей тасың ағыл,  
Атанған революция штабы боп.

Жүріпті дауылпаздай дауыл бастап,  
Бақыттың барлаушысы большевиктер.  
Қыймылдың тап өзіндей ұран тастап,  
Құйған халық бойына кұрыш жігер.

Асқақтап көтерілген паттықтан шу,  
Күйкылжып жеңіс маршы ойналғанда.  
Арасы жер мен көктің еткен гу-гу,  
Лебізі қуаныштың сыймай маңға.

Жеткен біздің үйге де Ленин үні,  
Даланы дауыл даусы өткен шарып.  
Төккенде тұңғыш нұрын совет күні,  
Жүрекке бір тамшысы кеткен тамып.



Дегендей: «кадірімді қайрат тұтсың,  
Біле өссін кішкентайдаң төңің ойға.  
Ауасын жаңа дүние еркін жұттың,  
Алсын да хасметімді жыйын бойға».

Басында бесігімнің бейне сақшы,  
Күзетін Бостандықтың тұрынты өзі.  
Мен оны содан бері көрем жақсы,  
Досымдай ақылы артық, бал мінезді.

Дәл кеше сол бір абзал бостандықты,  
Корғадым төрт жыл төсен төсті оққа.  
Алысып аршалыста жауды жықтым,  
Қаныммен қалдым сақтап, бермей отқа.

Ал бүгін келді жайнап туған күнім,  
Ажары азаттықтың ажарындай.  
Келді ол жас жігіттей қағып күлім,  
Ақ жарқын келешектің хабарындай.

Келді ол отыз бесес өмірімен,  
Дулата, думандата, ағылдата.  
Қозғау сап бесжылдықтың дүбірмен,  
Уақыттың ұранындай дабылдата.

Келді және сәулетті салтанатпен,  
Қытықтап жүрегімді қызықтары.  
Жотасын талай жылдың басып өткен,  
Көшінің көп оқыға тізіп бәрін.

Мен оны күшпек жап қарсы аламын,  
Сый, хұрмет өзгеше гөй оған десем.  
Туған күнім келді деп жар саламын,  
Қуаныштан бөлмеме сыймай дөңем.

Бөңілдің кетті ашылып семафоры,  
Өн, күйдің колоннасы өте берсін.  
Қуатты жырымыз бар кеуде толы,  
Жабанға жаңғырықтай жете берсін.

Бостандық перзентінің бәрімін гөй,  
Өз дәуірім үнімен сырлағ үнім.  
Ал келді туған күнім—үнімен бір той,  
Бақыттымын! Октябрь дұрағамым!

# ҰЛЫ СТАЛИН ЖАСАСЫН!



Советтік ұлы Отанның ұлдары біз,  
Оқуда, еңбекте де біз бәріміз  
Ел үшін сарп етуге өмірімізді,  
Әкеміз — Сізге Сталин, ант береміз!

Ант етеміз, мақсатқа жету үшін,  
Жанымыздай сүйеміз Отан ісін,  
Аямаған соғыстан қанымыздай,  
Аямаймыз еңбекте жастық күшін,

Халықтың қамқорында өскен еркін  
Бір үнмен берер жастар Сізге сертін!  
Мерзімін бесжылдықтың қысқартамыз,  
Еңбекпен гүл жайнатып елдің көркін,

Отан мен Партияның перзентіміз,  
Кұрыштан да берік боп ер жетеміз,  
Әрқашан нығайтуға елдің күшін,  
СТАЛИН жолдас, Сізге ант етеміз!

(Советтер Одағының комсомолецтері мен  
мен жастарының И. В. Сталин жолдасқа  
жазған хатынан).



# 30 ЖЫЛ

Осыдан 30 жыл бұрын патшалық Россияның жұмысшылары мен шаруалары 1917 жылы октябрь айында қару ұстап, революция майданына шығып, қанды айкаста қанаушы таптар үстемдігін жойды, мемлекет билігін өз қолдарына алды. Ұлы Октябрь социалистік революциясына большевиктер партиясы, данышпан көсемдеріміз — Ленин мен Сталин басшылық етті. Октябрь революциясының жеңісі адам баласының ұзақ тарихында болмаған жаңа дәуірдің пердесін ашты.

Адам баласы басынан өткен тарихи дәуірлердің барлығы да қанаушы тап пен қаналушы, әлді мемлекет пен әлсіз мемлекеттің арасындағы өткен бітімсіз күрестің айнасы. Осы күрестердің нәтижесінде кейбір халық елдігінен айрылды, кей мемлекет із-түзсіз жойылып көтті, қанаушы таптың әдіс айласы артты. Сонымен қатар қаналушы таптардың сана сөзімі өсе берді, қанаушы тапқа деген кек ұшқыны жалын боп тұтаңды, қаналған қалың бұқара күрес майданында топталып шығып, бой көрсете бастады.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы бірінші ғасырда Спартак бастаған Рим империясында болған құлдар көтерілісі мен Ұлы Октябрь социалистік революциясының арасында көптеген көтеріліс, есенсіз өреуіл, бірнеше революциялық қозғалыстар болып өтті. Бірақ, олардың барлығы да сәтсіздікке ұшырап негізгі мақсатына жете алмады. Ол күрестерді басқарушылардың

көбі түп мақсатын айқын болжай алмады. Соның нәтижесінде олардың көбі жеңілді, кейбір табысқа жеткендері бір қанаушы таптың үстемдігін екінші қанаушы таптың қолына алып беруден арта алмады.

Европадағы өзімен тетелес мемлекеттерден көш жер кейін қалған, крепостнойлық заңоны берік сақтап, шаруаларды қараңғылықта, құлдықта ұстап, өнеркәсіп пен мәдениеттің өркендеуіне түп-тура тосқауыл болған патша үкіметі ескі Россияны, ұлы орыс халқының әлденеше рет шет ел басқыншыларына жем етті. XIV—ғасырда Монғол басқыншыларының қанды шеңгелінде қалдырды, XIX ғасырдың басында Наполеонның шабуылына душар етті. Бірақ, ұлы орыс халқы ұлттық намысын қорғап, бұл екі жауды да талқандап жеңіп шықты. Патша үкіметінің кертартпа саясаты орыс халқының бейқамдықта ұстап, 1904 жылы болған орыс-япон соғысында жеңіліске ұшыратты. Халық ашынды. Патша үкіметінің тозығы жетті. Ағылшын, француз, неміс капиталистері Россия мемлекетінің әлсіздігін пайдаланып, біздің жерімізден біртіндеп орын тебе бастады.

1914 жылы неміс басқыншылары орыс жеріне сорыспен кіріп, орыс халқының бостандығы мен тәуелсіздігіне қауып тудырды.

Міне, осындай халық өміріне қатер тұған шақта, 1917 жылы, Россияны Ленин мен Сталин партиясы бастаған Октябрь социалистік революциясы сақтап қалды. Большевиктер партиясы қалың бұқараны, жұмысшы тапты күрес әдістеріне шынықтырды, қоғам туралы шындықты үйрететін ғылым — марксизмнің негізімен қаруландырды, жұмысшылар мен шаруалардың берік одағын құрды. Сондықтан да октябрь революциясы жеңіп шықты. Россияда тұңғыш социалистік мемлекет орнады.

Шаруалар помещиктердің жерін алды. Жерді пайдалануда ұйымдасып өңбек етуден бастап — олардың колхоздық құрылысқа қолы жетті. Ірі өнеркәсіп қожалары болып келген капиталистер қоғам өмірінен аластатынып, барлық өнеркәсіп орындары халық мүлкіне айналды. Жұмысшы табы қанаушылар бұғауынан азат етілді. Адамды адам қанауы біржола жойылды. Совет адамдары ауыл шаруашылығында, завод-



Ленин мен Сталин Смольныйда

тарда, фабрикаларда, шахталарда, рудниктерде өзінің бақытты өмір сүруі үшін халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін, социалистік мемлекетінің күш-қуатын арттыра түсу үшін еңбек етеді. Еңбек совет адамдары үшін өмірдегі бақыттың, даңқтың, адамгершіліктің таразысына айналды.

Ленин мен Сталин партиясы бастаған совет халқы меншеу Россияны бүкіл дүние жүзіндегі мемлекеттердің алдына шығарды. Бұл дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы, саналы адам баласының барлығы да совет еліне, біздің халқымызға өзіміздің сүйенішіміз, менің өміріме арашашы, маған бақыт сәулесін себуші деп қарайды.

Совет халқы елді тонау, әлсіз мемлекетті қанау арқылы емес, өз елінде, өз жерінде, өзінің социалистік еңбегімен дүние жүзі елдерінің алдына шықты. Бұл жеке халықтардың даму тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға. Совет халқы социалистік мемлекеті өмір сүрген 30 жылдың ішінде қанаушы таптар жойылған елде шаруашылық пен мәдениет, адам санасы мен бақытты өмір шын мәнісінде шарықтап өсетіндігін дәлелдеді.

Совет халқы бүкіл адам баласына қанаудан, құлдықтан, نادандықтан, бақытсыздықтан қалай құтылудың жолын көрсетті. Сол себепті де дүние жүзі еңбекшілері біздің Отанымызды өзінің болашақ отаны деп санайды.


Советтік қоғам өмір сүрген 30 жылдың ішінде қазақ халқы бұдан бұрын басынан өткерген сан ғасырдың шынжыр тұсауын үзді. Совет мемлекетіндегі басқа ұлттармен терезесі тең мемлекетін құрды, өз алдына ел болып еркіндік өмір сүруге право алды. Шаруашылығы шалқын өсті, надандық пен қараңғылық ескіліктің ертегісіне айналды. Қазақ халқы совет үкметі орнаған 30 жылда кейбір шет мемлекеттер басынан өткерген 30 ғасырдың мәдениет мұрасын жасады. Бүгінгі Қазақстан — шырғаштары құлдық шырғауында жатқан көрші халықтардың көз алдында бақытты өмірдің шамшырағы болып елестейді.

Біздің халқымыз — жеңімпаз, салтымыз — жеңіс. Азамат соғысында біздің ішкі-тысқы жауларымыз ымыраласып күш қосты. Жас совет үкіметін қанға бояп, көрге көмбек болды. Елдігімізге қауып туды. Ленин мен Сталин революция жауларынан Отанды қорғауға шақырды. Айбынды Совет Армиясы, совет халқы соғыс майдандарында жауды жеңіп, Октябрь жемістерін қорғап қалды. Жас Совет Армиясы азамат соғысының өзінде 14 мемлекеттің шабуылына төтеп беріп, жеңіп шықты.


Біздің мемлекетімізге туған ең зор қауіп 1941 жылғы неміс фашист басқыншыларының тұтқыйылдан жасатқан қарақшылық шабуылы болды. Бүкіл совет халқы күреске аттанды. Майдан мен тыл бірінесі бірі қуат беруші, бірін-бірі жеңіске рухтандырушы күш болды. Ағылшын мен Америка әскерлері майданға кірмей тұрып, Совет Армиясы жаудың бетін қайырып, совет жерінен қуып шығып Германияның өз жерінде сазайын берді.

Совет халқы, Совет Армиясы Еуропа елдерінің бостандығы мен тәуелсіздігін, елдік бейнесін сақтауды қамтамасыз етті. Адам баласының талай ғасырлар бойы жасаған мәдени мұрасын фашист қарақшыларының талқандауынан сақтап қалды. Сондықтан да біздің армиямыз бен халқымызға бүкіл адам баласы алғыс сезімін арнап отыр. Біздің жеңісіміздің негізгі себепшісі — совет халқының өзінің туған жеріне, еліне, социалистік Отанына шын берілгендігі. Совет адамдарының Отанына арналған патриоттық сезімі — совет адамдарына ғана тән жаңа сезім.

Әрбір совет азаматы жеңімпаз совет халқын, Отанын даңққа бөлеген большевиктер партиясын, даншыннан көсеміміз Сталинді мақтанып етеді. Сондықтан да олар социалистік мемлекеттің азаматы деген ардақты атын ақтауға шыбындай жанын, қасықтай қанын құрбан етуге әзір. Сондықтан да әрбір совет азаматы біздің социалистік қоғамның құрушыларына басшылық етуші коммунист большевиктер партиясына мүше болуды өз өмірінің ең зор арманы деп санайды.



Теміртаудағы Қазақтың металлургия ағзоды.



Київ. Крещатик.

Совет халқы әділетті сүйші адам баласының алдына шықты. Халықаралық жарыстарда біздің артистеріміз бен музыканттарымыздың, шахматшыларымыз бен физкультурашыларымыздың үнемі бас бәйгені алуы заңды дәстүрге айналды. Біздің әдебиетіміз дүние жүзіндегі халықтардың мәдениетінің алдына шықты. Идеялық мақсаты, көркемдігі, тақырыбы жөнінен совет әдебиеті мен өнерімен теңдес әдебиет пен мәдениет ешбір буржуазиялық елде жоқ, олар капиталистік құрылыстары елдерде болуы да мүмкін емес.

Соғыс жылдарында совет мемлекеті басқа елдермен салыстырғанда, экономикалық қуатын бұрынғысынан да гөрі нығайта түсті. Соғыстан кейін Англия, Франция сияқты ірі мемлекеттер Америка байларына жалбарынып, қарыз сұрауға кірісті. Қарызға алған қаражат үшін ол елдердің басшылары өз халқының мүддесін табанға таптап, Америка жерартпашыларының сөзін сөйлеп, адамгершілік арын саудаға салып жүр. Ал, совет мемлекеті өзімен көрші достық шікірдегі елдерге экономикалық көмек көрсетіп отыр.

Біздің жауларымыз, империалистер, Америка мен

Англиядағы соғыс өрші тұтағушылар өздерінің төңірегіне халық мүддесін сатқан қанышөзерді жыйнап, совет мемлекеті туралы сансыз өсек таратып жатыр. Олар совет мемлекетіне қарсы жаңа соғыс ашуға шақырады. Олардың жаңа соғыс туралы көшірме сөздермен сол елдердің өзіндегі бұқара халықтың тілегінің арасы алшақ жатқандығын соғыс құмарлар есепке алғысы келмейді. Олар совет халқының өз Отанын қандай жаудан да болса қорғап қалуға экономикалық күші де, сенімі де, өрлігі де, елдік бірлігі де жететіндігін санаққа қосқысы келмейді.

Дүние жүзі халқы соғыс тілеп отырған жоқ, бейбітшілік өмірге, адамға арналған қамқорлыққа құ-

мартыш отыр. Сондықтан да У. Черчилль сияқты соғыс құмарлардың арам пікірі, зұлымдық ойы арсыздыққа сугарылған арманы іске аспайтындығына біздің көзіміз жетеді.

Жаңа дүние, жаңа бөлемде, социалистік мемлекетте өмір сүрген әрбір совет азаматы Октябрь революциясы жеңгеннен бергі 30 жылдың ішінде еліміздің, халқымыздың қаншалық биік өмір мұнарасына шыққандығын мақтаныш сезімімен аңғаруына болады. Біз социалистік өмірдің шыңына шықтық, біз коммунизмнің аңғарына көз жіберіп, соған қарай аршындай адымдап келеміз.

Октябрь революциясының 30 жылдық мерекесін тойлағанда, біздің әрқайсымыз арналыста, айқаста өткен отыз жылды өймен шөлеміз, бізге осы өмірді жасау жолында құрбан болған ата-аналарымыз бен аға-аналарымызды еске түсіреміз. Мереке күні біздің әрқайсысымыз болашаққа көз жіберіп, оның салтанаты мен сәнді бейнесін қыялмен шөлеміз. Сол өмірді жасау, оны болашақ ұрпаққа тарту ету жолында Ленин—Сталин ісі үшін күреске әрқашан дайын екендігімізге серт береміз.

## Қ А Р А Н Д А Р Ш Ы, Д О С Т А Р Ы М!

Ж. ТҰРБЕКОВ

Қараңдаршы, достарым,  
Қазақстан жеріне!  
Қараңдаршы, достарым,  
Советтік қазақ еліне!  
Неткен ұлы өзгеріс  
Отыз жылдық өмірде.  
Ескі күннің ізі жоқ,  
Жайнағанын көрдің бе?  
Сәулетті сансыз қала түр  
Кешегі құба шөлінде.

Алуан завод, өндіріс  
Алатау, Алтай белінде,  
Есепсіз өріп қаптаған  
Төрт түлік мал төрінде,  
Алтын, мұнай, көмірлі,  
Қорғасын, мыс, темірлі,  
Құлпырған жері бүлістей,  
Орманды, нулы, жемісті,  
Алтын дәнді егісті,  
Өзені, көлі күмістей.

Мәдениеті шарықтап,  
Ашылған есік білімге.  
Есепсіз жаңа табыс бар  
Сталиндік төртінші  
Бесжылдықтың күнінде.  
Ұлы октябрь әперген  
Соның бәрі еліме,  
Соғамыз жеңіс дабылын,  
Жеткізе дүние көгіне.

# БІЗ ОКТЯБРЬДІ ЖЫРЛАИМЫЗ

(Жас ақындардың шығармаларынан)

## ҰЛЫ КӨСЕМ,

Ұлы көсем,  
Ленин десем,  
Елестеп жарқын бейнесі,  
Қаламға ерік  
Отырмын беріп,  
Бөгелме, тілім, сөйлеші!

Бақыттың таңын,  
Өмірдің шамын  
Жаққызған тұңғыш кім еді?  
Теңдікке елін  
Жеткізген Ленин —  
Сәулелі нұрлы күн еді!

Д. ӘКІМБЕКОВ,  
Қарағанды.

## ОКТЯБРЬ КҰРДАСЫ

Түлеп ұлан тұғырда,  
Өсті алтын ұяда,  
Қыранша қарап қырымға,  
Қанат қақты қыяға.

Ұлан өсті, ержетті,  
Жігіт болды қайратты,  
Кең ыйықты, келбетті,  
Жау жасқантар айбатты.

Қолға алып балға-орақ,  
Ол атқарды зор істі,  
Тигенде жау анталап,  
Қан майданда соғысты.

Жалынды және жаужүрек,  
Сом болаттан тұлғасы,  
Әлемге әйгі жас түлек,  
Ол — Октябрь кұрдасы.

Б. СҚАҚОВ,  
Алматы.

## СУ ЖАҒАСЫНДА

Жар басында жас балалар  
Жағалап тұр салып қармақ.  
Қайырбектің жемі бітті  
Алабұға кетті алдап.

Намыстанды алдағанға  
Шегірткені алды тауып,  
Салып қайта қармағын ол  
Қалтқы ізін тұрды барып.

Кетті қалтқы кенет сүңгіп,  
Ілініпті алабұға,  
— Мана бәлем, алдап едің,  
Күлді бәрі таба қыла.

Жағалай тұр қармақ салып,  
Жар басында жас балалар,  
Көк жүзінде суға төніп,  
Шуылдайды шағалалар.

С. МӘУЛЕНОВ,  
Қостанай.



Суретте: Октябрь айында  
болған республикалық мәсли-  
хатқа келген жас жазушылар-  
дың бір тобы.

## АТА СӨЗІ

Тыңда, қалқам, тыңдай бер,  
Балапаным балдырған,  
Жас бөбегім-қызығым,  
Қумарымды қандырған.

Бесік егіп жырымды.  
Ән мен сені бөлейін.  
Ұйқтағанша күй шертіп,  
Әңгіме айтып берейін.

Сонау көрі дүние,  
Теңселгенде дауылдан,  
Ұлы айқаста ұрандап,  
Мен де шапқам ауылдан!  
Тас кешуде тайсалмай,  
Елге туған ер едім,  
Сарбаз болып сап құрып,  
Жауды қуған ер едім.

Қоңыр салқын төске алып,  
Түнде жортқан ер едім,  
Бай мен болыс, манаптың,  
Басын кұртқан ер едім.

Уа дариға, жастық шақ!  
Сонда бейне жалын боп,  
Аманкелді ту ұстап,  
Аттанып ек қалың топ.  
Қанжығадан қан кешіп,  
От ішінде ойнағам,  
Сенің мына бақытты  
Бақшаң үшін жайнаған...

Әлди-әлди бөбегім,  
Ұйқтай қойшы, балақай.  
Әлі саған тағы да,  
Сыр шертеді жан атак.

Ш. НҮТФOLЛА,  
Алматы.

## ОКТЯБРЬ ТАҢЫ

Ұлы октябрь таңы атты,  
Сәулесін шашып нұрлы күн  
Жылы жүзбен тіл қатты  
Сайрады бұлбұл қосты үн.

Жеңістің туын жерімде,  
Желбіретіп тіккен күн,  
Самал желі есіліп,  
Бақыт күйін шерткен күн.

Б. МАДИЕВ,  
Өскемен.

## БІЛІМ-БУЛАҚ

Гүл бақшадан бір бұлақ  
Өрге қарап ағады,  
Күміс суы сылдырап  
Кеудесін сәуле жабады.

Бұлақтан әркім сусындап  
Қандырып шығар аңсарын,  
Түбінде жатқан жылтылдап,  
Тереді асыл гауһарын.

Т. СҚАҚОВ,  
Ақтөбе.

## МЕНИҢ ҚАЛАМДА

Құлашын кеңге сермеген,  
Сеземін еңбек дабысын,  
Еңбектен тасқын селдеген  
Көрдім ғой бүгін табысын.

Көз жеткісіз көсіліп,  
Іргесін кеңнен тартып тұр,  
Жүздеген поезд жосылып,  
Қаламнан көмір артып жүр.

Шыңдай түсіп кұрышты,  
Қаламның кені балқытқан,  
Сабасындай ырыстың  
Ел дәулетін шалқытқан.

Ж. НҮРБЕКОВ,  
Қарағанды.

## МЕКТЕБІМ

Мектебім-білім беріп, көзімді ашқан  
Мектебім — алтын ордам бауыр бас-  
қан —  
Өмірдің ең асылын жыйнап беріп,  
Санама мәңгі сөнбес шұғла шашқан.

Ашылған сенен маған кұтты есік —  
Өміріме сенсін мәңгі алтын бесік,  
Үлгі алып саналылық, білімділік  
Мен сенің тәрбиенмен келем өсіп.

Болуға білімді адам бастадым деп,  
Қолыма том-том кітап ұстадым көп...  
Мектепке қуанышпен қадам бастым,  
Мен советтің бақытты ұлымын деп!

М. ИСАЕВ,  
Қызылорда.

## ЖАЛЫНДЫ КОМИССАР

— Балалар, сендер Қазақстанның астанасы — Алматыда совет өкметінің қалай орнағанын, оны кімдер орнатқанын білесіңдер ме? Мұндағы Фурманов көшесінің бәрі де білетін боларсыңдар — деді жылы шыраймен мұғалім Петр Сергеевич.

— Бәріміз де білеміз, — десті оқушылар.

— Осы көшедегі бір үйдің қабырғасына қағылған мрамр таста: «Бұл үйде 1920 жылы Чапаев дивизиясының комиссары, жазушы, большевик Дмитрий Андреевич Фурманов тұрған. Ол 1891 жылы туды, 1926 жылы өлді», деп ойып жазылған сөз бар. Мұны да кездестірген боларсыңдар.

Октябрь революциясынан бұрын Алматы қаласы «Верный» деп аталатын, 1920 жылы большевик Фурманов осы Верныйге келеді.

Сол күндері акгвардияшылар тобы Алматының шығыс жағындағы қорғанға жыйналып алып, бүліншілік бастамақ болды.

Фурманов коммунистерді жыйып алып мәслихат ашты. Мәслихатта ол: барлық күшті Совет өкметін қалайда қайта орнату үшін күмсау керек, — деді.

Бүліншілік жасаушылар қорғанға бекініп алып, күшін жыйнай берді. Фурманов та олардан сескенбеді. Ол өзінің жолдастары мен бірге Фрунзе-нің бүліншілікті сөзсіз басу туралы бұйрығын орындауға бекінді. Бүліншілік жасаушылар Фурмановтан



өкіл жіберуді, келіс сөз жүргізуді өтіңді. Бұл қиын кезең еді. Сол себепті, байлардың, құлақтардың алдауына түсіп, жерегінде жүрген құралды сотқарларға Фурмановтың өз барды. Жер қайысқан көп солдат өздерінің штабының қасына жыйналды. Олар Фурманов тұрған арбаны алқақотан қоршап алды. Фурманов

ешқандай қарусыз орнынан тұрып, жалынды сөз бастады.


Ол, бүліншілікке араласып жүрген солдаттардың опасыз басыларының алдауына түсіп отырғанын именбей, батыл әшкереледі. «Совет үкметі халыққа бостандық, бақыт әперсді, шаруаларға жер береді. Совет өкметі біздің балаларымыздың, ұрпақтарымыздың болашағын сәулетті, бақытты өтеді», — деді Фурманов.

Фурманов қорғанға тағы келді. Ол өзін бастай бергенде бүліншілікті басқарушылар айқай-шу көтеріп оны қоршап алды. Фурманов қақпанға түскенін енді ғана білді. Бірақ ол не большевиктік хасиет қаһармандықпен құрбан болуға, не жауды жеңуге серт етті.

Фурманов көп ұзамай жаулардың қолынан қашып шықты. Ол түн ішінде тура өзінің полкіне тартты. Фурмановтың полкі бүліншілік жасаушыларды төбеден түскен жайдың оғидай жайпады. Бұрынғы Верный, қазіргі Алматы қаласында совет өкметі толық орнады.

Бұдан кейін Михаил Васильевич Фрунзе Фурмановты Ташкенге шақырып алып, басқа жұмысқа жіберді. Фурманов кейінірек дақты Чапаев туралы «Чапаев» атты және Верныйда болған бүліншілік туралы «Бүліншілік» атты кітап жазды.

В. КОПЫТИН



«Аврора» крейсери Қысқы сарайға қарай зеңбіректерден оқ атып, 1917 жылы октябрьдің 25інде жаңа заманның — ұлы социалистік революция заманының басталғандығын жариялады. Октябрьдің 25інен 26ына қараған түні революцияшы жұмысшылар, солдаттар мен матростар тікелей шабуыл жасап, Қысқы сарайды алып, Уақытша үкметті тұтқынға алды. Петроградта (қазіргі Ленинградта) құралды көтеріліс жеңді. Ғасырлар бойы езілген халыққа бостандық таңы атып, мұр сәулесін төкті.



# ХАЛЫҚ БАТЫРЫ

Торғай жалағашы қолға алған жаудың күші бірнеше есе артық, қарулары мол. Екі арадағы ұрыс дамылсыз жүріп жатыр. Өмір мен өлім арпалысы күшейе түсуде...

— Ұмтылыңдар алға, сарбаздарым, революция үшін, ел бостандығы үшін алға! — деген батырдың айбынды санқылдаған даусы өстіледі.

Балалар, бұл көрініс өздеріне белгілі, қазақтың атакты батыры Аманкелді Имановтың ұрыстары көп ерлігінің бірі.

Аманкелді 1918 жылы жаз айында Орынборда (қазіргі Чкалов қаласы) шақырылған Торғайдың облыстық советтер съезіне қатысуға барды. Аманкелдінің қасында өзінің досы Николай Токаров пен 37 адамнан құралған тобы бар еді. Олар он басы, жүз басылары еді.

Орынбор қаласында советтердің съезін жүргізіп жатқан большевиктерді Дутовтың отряды қоршап алды. Күші басым жауды қаладан қуып шығу ұрысына қазақ халқының батырлары Аманкелді, Әліби қатысты. Олар ұдайы екі тәулік соғысы жауды талқандап, жеңіп шықты.

Большевиктер партиясы қатарына мүше болып өткен Аманкелді Иманов Торғайда соғыс комиссары болып тағайындалды. Ол В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің нұсқауымен шақырылған советтер съезінің қабылдаған қаулыларын іс жүзіне асыру үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарды.

Аманкелді Имановтың басқаруындағы революциялық комитет Қазақ-



станда Совет өкметін орнату жолында екі ай уақыттың ішінде ұшап-тегіз жұмыстар жүргізді. Олар буржуазиялық Уақытша үкіметтің Торғай уезіне атқару комитет етіп отырғызып қойған алашордашыл Алмасовтың бүліншілік әрекетіне тыйым салды. Жанбосыповтың контрреволюциялық бунтын талқандады. Бұған бүкіл Россиялық төтенше комиссияның Торғай уезінде өкілдік қызметін атқарған досы Александр Токаров көп көмек көрсетті.

Аманкелді совет өкметін ішкі-тысқы жаулардан қорғау үшін Торғайда Байқоңыр, Қарсақпай жұмысшыларынан ерікті қызыл әскер отрядын құрып, оларға соғыс өнерін үйретті. Сонымен қатар, Атбасардан Майкөтовке, Қостанайға тағы басқа уездерге өкілдер жіберіп, оларды Со-

вет өкметін қорғауға дайын болуға шақырды.

1917 жылдың өзінде-ақ Аманкелді Торғай уезінде революциялық жұмыстарды күшейту үшін 7 адамнан революциялық комитет құрады. Бұл комитеттің жұмысын тікелей өзі басқарды.


Біздің елде Улы Октябрь Социалистік революциясы жеңгеннен бері қазір дәл 30 жыл болды. Жер жүзінің бестен бір бөлігінде, бұрын тарихта болып көрмеген — дүниеде теңдесі жоқ — Социалистік мемлекет орнатылды.

Бұл жолда талай адам қаза болды. Соның бірі Аманкелді Иманов. Ол 1919 жылғы 27 апрельде қазақ халқының қас жауы — алаш ордашыл Дулатов дегеннің қолынан қапылықта қаза тапты. Ол өлерінде:

— Өлімнен қорықпаймын, өйткені, мен большевикпін. Мен жеке адамдарға ғана қарсы күрескенім жоқ. Байлардың үстемдік күшіне еңбекші халықты езушілікке қарсы күрестім. Қазақ халқынан мені жоқтап, ісімді жақтайтын сан ұлдар шығар. Мен қорғаған Совет өкметі менің кегімді сен жауыздарға жібермес. Менің өлімімді жас ұрпақтар да еске алар! — деді.

Аманкелдінің бұл арманы орындалды. Аманкелді есімі халық жүрегінде, ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталмақ.

А. НҰРҚАНОВ



Ресейде улы Октябрь социалистік революцияның жеңгендігін көріп шет ел империалистері мен ақгвардияшылардың іші қайнады. Олар тұп-ғыш орнаған жұмысшылар мен шаруалар өкметін құртып жіберуді ойлады. Сол ниетпен олар жас Совет өкметіне түстістан шабуыл жасады. Азамат соғысы басталды. Большевик партиясының, оның көсемдері Ленин мен Сталиннің бас тауымен, қару-жарақтың азық-түліктің тапшылығына қарамастан, Қызыл Армия 1922 жылы ең соңғы ақгвардияшылар мен шет ел интервенттерінің тасталқанын шығарды.



# Адам



(Улы Октябрь Социалистік революциясының отыз жылдығына арналып жазылған поэмадан үзінді).

Әбділда ТӘЖІБАЕВ

Тура отызға толды жасы  
Маған қымбат бір адамның,  
Шапағында туған таңның,  
Оның тағы топ құрдасы,  
Өңшең досы, замандасы, —  
Осылар ед төлдің басы.

Қанша бесік тербелді екен  
Бұл құрдастар туған жылы,  
Қолымда жоқ дәл цифры,  
Есімде тек қалды менің:  
Жел бесікті тербеткенім,  
Тербей-тербей әндеткенім,  
Бала едім мен ол күндері,  
Қарным ашса жылайтуғын,  
Жылап тамақ сұрайтуғын,  
Әйтседе мен ұмытпаппын  
Көп қызығын сол бір шақтың,  
Көкірегіме сақтап қаптым.

Ұмытпаппын поездарды  
Ертелі-кеш лек-лек аққан,  
Жүк орнына солдат тартқан,  
Мылтықтылар — беттері шан,  
Көздерінен от лаулаған,  
Бөріктеріне жұлдыз таққан,  
Сәл кідірсе эшалондар,  
Гармондардан төгіліп күй,  
Перрондарда дуылдап би,

Маузері бар кей бір адам  
Қағып біздің аркамыздан,  
Кететұғын қалдырып нан,

— Кімдер бұлар?

— Жаксы адамдар!

Дейміз қарап эшалонға,  
Заулап жатқан оңды, солға,  
Үйде отырған кәрілер де  
Таяқтарын тіреп жерге,  
Көз тігетін ұзақ жолға...

Әр түрлі сөз, кейде талас:

— Жазаланды, өлді патша,

Билемейді енді патша-

— Ей, патшаға етпе күман!

— Айтса қайтед,

Қу ант ұрған,

Ағызайын ба аузыңнан қан?!

Ұмытпаймын балықшыны:  
Тұрушы еді бізбен бірге,  
Қайрымды еді көршелерге,  
Болушы еді аздап ақын,  
Жайлап қана ән салатын  
Домбыраға қосып бірге.

Ертіп мені балықшы қарт,  
Жел қайыққа отырғызып,

— Көрсетем деп саған қызық,  
Қос ескегін бірдей тартып,  
Көл бетінде қустай қалқып  
Жөнелетін суды сызып,

Көбейтпелік бөгде сөзді,  
Оралалық біз кеңеске,  
Айта бермей түскенді еске,  
Әйелі әлгі балықшының  
Мезгіл еді жазғы тұрым,  
Ұл тауыпты бір күн кешке...

Баласыз ед балықшы ата,  
Орындалды ойдағы арман,  
Жылап та алды қуанғаннан,  
Көнерген бет нарттай жаңды,  
Кәрі көзден от тұтанды  
Кетті жайнап жасарғаннан,

Қуанышы балықшының  
Қуандырды бізді бірге,  
Айналды үйі бір дүбірге,  
Сарқылмады қызған думан,  
Үзілмеді айтылған ән  
Үш күн қатар ұзақ түнде.

— Ат қоямыз нәрестеге,  
Ал, тыңдаңдар молда сөзін.  
— Жоқ, қоямын атын өзім —  
Деп балықшы тілек қылды.

1920



Жер жүзілік соғыстың және  
азамат соғысының салдарынан  
еліміз үлкен бүліншілікке  
ушырады. Совет халқына аз  
уақыттың ішінде күйзелген  
шаруашылықты қалпына кел-  
тіру керек болды. Жұмысшы-  
лар, қызыл әскер, қызмет-  
кер, еңбекші шаруалар мемле-  
кет пайдасы үшін тегін жұ-  
мыс істей бастады. Бұл жұ-  
мыс, көбінесе, демалыс күнде-  
рі өткізілді. 1919 жылы 10  
май күні Советтік Отанымыз-  
дың барлық еңбекшілері сем-  
білікке шықты. Бұл сембілік-  
ке Владимир Ильич Ленин де  
қатынасты.

Сапырылған сөз судай тыңды,  
 Қадады жұрт қартқа көзің,  
 — Ей, ағайын! — деді қартым,—  
 Сөз тыңданыңдар енді менен:  
 Ардақты ат адам деген,  
 Аңыз болған баяғыдан,  
 Атын балам қойдым Адам!  
 Бездім ескі шежіреден!  
 Усамасын ескі адамға,  
 Ушырамасын қайғы, дертке,  
 Құл болмасын еш күдіретке,  
 Өссін балам емін-еркін,  
 Жандандырсын жердің көркін  
 Қоссын қуат әділетке.  
 — Жаксы лебіз!  
 — Қабыл болсын!  
 Деген сөздер ду-ду етті,  
 Кернеп үйді сыймаң кетті,  
 Қарт ұстаған домбырадан  
 Қапелімде туып бір ән,  
 Елжіретті ет жүректі,  
 «Адам!» деді шырқалған ән,  
 «Адам!» деді тау жанғырды,  
 «Адам!» деді көл жанғырды,  
 Жел де сергіп желпіп қалды,  
 Тынған орман толқып қалды,  
 Нөсерлетті бұлт жаңбырды...  
 Жас та болсам ол күндерден  
 Көп қызықты ұмытпаппын,  
 Есіме әбден сақтап қаппын,  
 Адамды мен баласынбай,  
 Сүйдім туған ағасындай,  
 Бесігіне қоңырау тақтым,  
 Тербетуші ем жел бесігін,  
 Сылдыратып қоңырауын,  
 Искеуші едім омырауын...  
 Соған отыз жылдан асты,  
 Шашымызға ақ жармасты,  
 Менің де жоқ оған дауым.


II

Өсті бала өрімдей бол.



Солкылдаған жас шыбықтай,  
 Көрмей қатер, қайғы жұтпай,  
 Ақ маңдайы атқан таңдай,  
 Екі көзі жанған шамдай,  
 Тұлғасы бар тұрған ықбай,  
 Танысты Адам тәтті өмірмен,  
 Терді гүлін кең даланың,  
 Қойшылардың үйренді әнін,  
 Қызғалдақпен жайнап бірге,  
 Күрбылармен ойнап бірге,  
 Болды еркесі ата-ананың,  
 Оңға толды біздің Адам,  
 Аяқ басты енді онбірге,  
 Марқа тартты күннен күнге...  
 Ел сол жылы колхозданды,  
 Біріктірді, қосты малды,  
 Жерге жаңа қаланды ірге,  
 Желпілдетті шаттық желі  
 Жыртық үйдің түндіктерін,  
 Жарқыратып күңгірт жерін,  
 Көтеріліп көзден перде,

Қуш тасқындай коуделерден,  
 Керіліп жұрт алды демің,  
 Көк сауытты тракторлар  
 Күркіретті сары даланы,  
 Сілкіндірді айналаны,  
 Жолдарынан өткен заулаң,  
 Бақ пен ырыс өсті қаулап,  
 Жердің жаңа жүрді қаны,  
 Балықшы ата тұрды орнына,  
 Тартып мығым буды белін,  
 Түрді етегін, түрді жеңін,  
 Қалайыққа қоршап тұрған,  
 Азғана сыр айтты тыңнап  
 Ақтарылды сөзден сенім:  
 — Ауламаймын енді балық!  
 Жасаушымын жер ұжмағын —  
 Жұрт аңсаған иран бағын!  
 Балбыратып гүл жемісін  
 Бақша егемін ұрпақ үшін,  
 Осы менің ұйғарғаным,  
 Қабылданды қарт тілегі,  
 Бағбан ата ұрды кетпен,  
 Ұрды кетпен кереметпен,  
 Алқынбады жүрегі оның,  
 Бақшаға су ашты жолын —  
 Ақ көбігі дір-дір еткен,  
 Септі гүлдің ұрықтарын,  
 Екті тізіп алма ағашын,  
 Нәрестедей онша жасын,  
 Қанаттыға қақтырмады,  
 Тұмсықтыға шоқтырмады  
 Күтті ұйықтамай, ішпей асып,  
 Өсті бақша жас өмірдей,  
 Жайды жаңа жапрақтарын  
 Жадыратты еккен шалын...  
 Кәрі байғұз қош айтысты  
 Тұн жамылып ұзаққа ушты  
 Естімеске бұлбұл әнін,  
 Бақшада жүр бақытты Адам  
 Күрдастардан жұбын жазбай,  
 Көңілі көркем жыды жаздай.



1926 жылдары бүкіл халқымыз елімізді индустрияландыруға бет бұрды. Елімізде ірі өндіріс орындары, түрлі машина жасайтын заводтар салынды. Көмір, темір кендері мол өндіріле бастады. Самолет, танк, трактор көбейді. Днепр су электр станциясы, Түркістан-Сибирь темір жолы, Сталинград трактор заводы тағы басқа алып өндірістер салынды. Еліміздің қуаты артты. Сталин жолдас: «...Барлық істің тетігін техника шешеді» деген ұран тастады. Совет халқы көсемінің бұл сөзін асқан қуаныш, зор жігермен қарсы алды.

Тандап тағып сүйген гүлін —  
 Алманың да ең қызылың,  
 Ең шірінін жейді таңдай,  
 Солқылдата соғады олар  
 Әнге қосып барабанды,  
 Сүйсіндіре қарағанды,  
 Өрттей қызыл галстуктер —  
 Бақшаны кеп үрлесе жел,  
 Жапрактармен бір шайқалды,  
 Бір күн өлең, бір күн ертек,  
 Бір түн жұмбақ, бір түн тақпақ  
 Оқып бәрі алған жаттап,  
 Айтысады кезек-кезек,  
 Қалыспайды өңшең өжет,  
 Кен қызыққа кенелді қарт...

Кей сағатта шу басылып,  
 Жым-жырт тына қалса бірден,  
 Босағандай бақша мүлдем,  
 Көресін сен сонда олардың  
 Қыйын есеп шығарғанын  
 Физика я алгебірден.

Кейде аталып Дарвин аты,  
 Кейде Ньютон сөз болады,  
 Көп әңгіме қозғалады,  
 «Кім деп бұлар мен білмеген,  
 Я кұлағым естімеген?»  
 Бағбан ата таң қалады,  
 Келмесе де тілі жеңіл  
 Жастар айтқан Мичуринге —  
 Усатқандай әлде кімге,  
 Ол да егіпті алма бағын,  
 Әлпештепті гүл шашағын,  
 Таратыпты күллі әлемге...  
 Қыял торлап қалды қария:  
 — Қашан көрем?  
 Қайда көрдім?  
 Адамы ғой біздің елдің...  
 Сырласпап па ек бұрын талай,  
 Умытқанмын атын қалай,  
 Даңқы шыққан бұл шебердің?..

Адамына тіл қатты ата:  
 — Хат жаз, балам!  
 — Кімге арнайын?  
 — Айттыңдар ғой жаңа жайын,  
 — Мичуринге?  
 — Я, соған жаз,  
 — Асықпай жаз, толсын қағаз.

Жақсылап жаз, айналайын.  
 Толқып Адам қалды сонда  
 Дей жаздады: «өлген быйыл»,  
 Айту бірақ болды қыйын,  
 Достары да тез аңғарды,  
 Шындықты әрең ашпай қалды —  
 Қайтармасқа қарт пейілін,

Жазылды хат Мичуринге:  
 «Білем екен сізді көптен,  
 Тек босамай тіршіліктен  
 Жолықпаппын, жол қашық боп,  
 Елікпеппін ел қашық боп,  
 Байқамалпын күндерді өткен,

Қазір күйім тіпті жақсы:  
 Қосты басын — қуанады елім,  
 Колхозымның аты: «Ленин»  
 Мен де сонда бақшашымын  
 Хұрметі артты ақ шашымның,  
 Алтынға тең аққан терім,

Көкіректе бір арман барды  
 Айтылмайтын кез келгенге,  
 Сізге ұғымды өзгеден де:  
 Ауырғанда ұлы Ленин  
 Қыйналып ем таппай емін,  
 Қатып басым сергелденде.

Әлі ойымда сол арманым —  
 Көңілім күпті, кілті жұмбақ,  
 Табылмағы тіпті қымбат,  
 Қорған болып өмірге біз,  
 Жеңсек екен өлімді біз,  
 Көрсем соны көңілім тынбақ.

Сенем сізге, сіз табасыз,  
 Өсіріңізші сондай алма —

Шипа болар ауру жамға,  
 Беттеріне түспей бір дақ,  
 Ұзақ жасап, өрбіп ұрпақ,  
 Болсын серік кең жалғанға,  
 Сескенбеңіз шек келтіріп,  
 Әлде кім деп жаны тәтті,  
 Мен де шалмын сіз сыяқты,  
 Өкінбеймін өлсем өзім,  
 Шүкр-шүкір көрді көзім  
 Көп күттірген таңым ақты.

Сенем сізге сіз табасыз,  
 Іздегенсіз менен бұрын,  
 Көп білесіз жердің сырын,  
 Өсіріңізші сондай алма —  
 Ем боларлық өлер жанға,  
 Аңсағандар алсын тыным,

Көз жіберші айналаға:  
 Көктің мөлдір айнасына,  
 Жердің жарқын бейнесіне,  
 Ертен қызық бүгіннен де,  
 Ынтығамын соған мен де,  
 Мүмкін емес сүймесіме!..»

Жазып болды, бітірді Адам,  
 Ковверттің де аузын жапты,  
 Шал бөгеліп, ойлап қапты,  
 «Мичуриннің шәкіртіне» —  
 Дем жазды да адресіне,  
 Қалтасына салды хатты,

— Саласын ғой почтаға өзін?  
 — Я, — деді баласы оған,  
 — Қайтар ма екен жауап маған?  
 — Қайтады, әке, кам жеменіз,  
 Өзіңізде көп ізденіз,  
 Табады оны шаршамаған,

Құмарлана қарады қарт  
 Жас емендей баласына,  
 Жетіп қапты шамасына,  
 Кеудесі күш ұясындай,  
 Барлық әлем сыятындай  
 Қос көзінің шарасына,

1934



Партияның бастауымен 1930 жылдан бастап шаруалар бөліккен шаруашылыққа — колхозға ұйымдасты.

Ауыл шаруашылығымыз машиналанған қуатты шаруашылыққа айналды. Трактор, комбайндар егіс даласының сәнін кіргізді.

Партияның XVI-съезінің қарарында колхозшы шаруалар «Совет өкметінің шын мықты тірегі» болды деп жазды.

1934 жылы ұлы Сталиннің серігі — халқымыздың досы С. М. Киров жолдас Қазақстанда болып, колхозшылармен жездесті.

# Октябрьдің кұрдасы

1917 жылы Октябрь таңы атты. Ленин-Сталин партиясының басшылығымен, орыс пролетариаты туыстас халықтармен бірлесе отырып, елімізде совет өкіметін орнатты. Қазақстан еңбекшілеріне бостандық әперді. Бұрын Россия империясының қыйырдағы отары, бұратана ел болып келген Қазақстанда мәдениет орнап, гүлденіп, көркейе бастады. Республиканың түкпір-түкпірінде мектептер салынды. Білімге шөліркеген еңбекші халықтың сан мыңдаған балалары сусынның емін-еркін қандыру үшін мектептерге келді.

Осы 1917 жылы Шұбарда да бастауыш мектеп ашылды. Шұбар қыстағындағы шаруалар шаруашылықтарын біріктіріп, колхоз болып көркейген соң, бұл бастауыш мектеп 1943 жылы жеті жылдық мектепке айналды. Узамай-ақ бұл мектеп орпаңға арнаулы кабинеттері бар көлемді білім ордасы болды. Мектептің өсуі, мұғалімдердің білім дәрежесі үнемі көтерілуі жастарымыздың мектепке көбірек қамтылуына, білімді молырақ алуына мүмкіндік туғызды. Сонымен, еліміздің өзге жерлеріндегідей, Шұбарда да шаруашылық бей мәдениет күнбе-күн қарыштап дамып берді. Жеңген социализм елінде нағыз демократияшыл заң — Сталиндік конституция қабылданғаннан кейін Шұбардағы жеті жылдық мектеп орта мектепке айналады.

Мектеп күн санап гүлдене берді. Оқушылар саны жылдан-жылға арта түсті. Қазір мектепте 500ден астам балалар оқиды. Мектептің интернатында 60 бала тәрбиеленеді. Оның жанынан быйыл тағы 60 балалық пансион ашылды. Онда 8 — 9 — 10 класстардың оқушылары тұрады.

Шұбар орта мектебі өзінің даму жолында көп жастарды тәрбиелеп шығарды. Улы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан, батыр Матай

Байсовтың есімін республикамыздың көрі, жасы жақсы біледі. Ол, осы мектептің тәрбиесінде болған жастардың бірі. Қазақстан ет-сүт өнеркәсібі министрі Қазтай Едігенов те осы орта мектепте тәрбиеленген.

Мектептің жанында жақсы парк бар. Бұл жер оқушылардың демалатын, көктем кезінде сабақ пысықтайтын орны. Осының батыс жақ шетінде физкультура алаңы бар. Мұнда жастар дене шынықтыру өнеріне жаттығады. Мектептен 50-60 метр жерде, жас табиғат зерттеушілер станциясы бар. Онда, түрлі өсімдіктер, жемістер, дәнді егіс өсірілген. Мұнда жаратылыс сабағының тәжірибе жұмыстарында жүргізіледі.

Біздің мектеп көп жылдан бері қарайғы өмірінде үлкен кітап қорын жасады. Кітапханада қазір 5,000нан астам оқу құралдары, әдеби кітаптар бар. Бұл білім қазынасының қорын оқушыларымыз кенеле пайдаланады.

Шұбар орта мектебінің коллективі Улы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдық мерекесіне ұзақ дайындалды. Оның себебі бұл мектеп даңқты мерекемен кұрдас. Біз өткен жолымызды, осы 30 жыл ішіндегі даму жолымызды шолып өтіп, келешекте де Октябрымен кұрдас мектебімізді күн санап көркейте береміз.

Жас жеткіншектерді коммунистік рухта, патриоттық, Ленин-Сталин ісіне шексіз берілгендік рухта тәрбиелеу ісінде жемісті еңбек етеміз.

С. НҮРПЕЙІСОВ,

Шұбар орта мектебінің директоры.



1936 жылы ноябрьде Советтердің VIII-съезі болды. Ол съезде ССРОның жаңа Конституциясы (негізгі заңы) қабылданылды. Бұл Конституцияла совет адамдары еңбек етуге, тынығуға, білім алуға шексіз праволы екені көрсетілді. Бұл съезде И. В. Сталин жолдас баяндама жасады. Осы съезде бекітілген Конституцияның негізінде 1937 жылы декабрьдің 12 күні еліміздің еңбекшілері ССР Одағы Жоғарғы Советіне тұңғыш депутаттар сайлады. Еліміздің негізгі заңы — Сталиндік заң, алтын заң деп аталады.

Талғат 1942 жылы майданға келді. Жас ұшқыш алғашқы күннен бастап тамаша ерліктер көрсете бастады. Ол қатардағы ұшқыштан эскадрилья командиріне дейін өсті. Жаудың жүздеген танктері мен эшелондарын қыйратты, мыңдаған әскерін жойды.

Корсунь-Шевченко түбіндегі қоршауда қалған неміс әскерлерін жоюда штурмовик Талғат Бигелдиновтың эскадрильясы ерекше көзге түсті. Советтер Одағының маршалы Конев қазақ халқының батыр ұлына алғыс айтты және оған Советтер Одағының Батыры атағы берілді.

Жас қыран құлашын алысқа сермәді. Батысқа, батысқа ұшты, ол, Герман фашизмнің ордасы Берлинге туған елдің намысы мен кегіне орған бомбаларын тастады. Берлиннің төбесінде оның аты Покрышкин, Кожедуб, Муса Гареевтың аттарымен бірдей аталды.

Бигелдинов Ұлы Отан соғысында 305 рет жауынгерлік тапсырма орындады. Демек, ол 305 рет еліммен бетпе-бет кездесті.

23 жасар совет жасының өмірі сарқылмас жыр, бітпес тарих, өшпес аңыз. Ол жаңа заманда туды, жаңа заманда өсті. Ол совет мектебінде оқып, білім алды. Жас қыранды баулып өсірген ұясы — большевиктер партиясы, Ленин — Сталин комсомолы.

Талғат Отан соғысында тек Октябрь ұрпағына лайықты қаһармандық ерлік істер жасады. Ол ұлы атак-даңққа бөленді. Советтер Одағының Ба-



тыры деген ардақты атты екі рет алды.

Ол қазір Маскпадағы Әуе—Соғыс академиясында оқиды. Соғыс ғылымын жетік білетін адам болып шықпақ. Халқымыз мұндай ұлдарын ардақтайды. Оны 1946 жылы қазақ халқы ССР Одағы Жоғарғы Советіне депутат етіп сайлады.

Талғат сыяқты жас азаматтардың өмірі, олардың отанын қорғаудағы ерлік істері біздің жас жеткіншектерімізге өнеге.

1943 жыл 2-Украин майданы. Совет Армиясының жауынгерлері Днепрден өту үшін кескілескен қатты ұрыстар жүргізіп жатқан кез. Ұрыстың он күні ішінде Иван Кожедуб жаудың он бір самолетін атып түсірді. Бұл уақытта оның атып түсірген самолеттерінің саны жыйырмаға жеткен еді. Осы ұрыста көрсеткен ерліктері үшін оған Советтер Одағының Батыры атағы берілді.

Кожедуб мұнан кейін де сан рет ерлік сапарға аттанды. Талай рет ұрысқа қатысты. Ол жаумен жағаласта оларды үнемі жеңіп отырды. Өзінің жауынгерлік жорықтарында

## ЕҢБЕКЕРІ

Ақмола—Қарталы темір жолы Қарағанды мен Магнитогорскіні жалғастыратын ең тәте жол. Бұл жолдың құрылыс жұмыстары қысқа мерзімде аяқталды. Бұл жол қазақ даласынан еңбектің неше жүздеген жауынгерлерін тәрбиелеп өсірді. Солардың бірі Ақмола облысындағы «Красный пахарь» колхозының мүшесі — Жаппархан Асайынов еді.

Ұлы Отан соғысының жеңімпаз жылдарында жау бүлдіріп кеткен темір жолдарды тез қалпына келтіру өте хажет болды. Майдан шебіндегі темір жолдың бір стан-

циясында қалпына келтіру жұмыстарының қызу кезі.

Жау самолеттері әдеттегісінше айнала ұшып, станцияны бомбалай бастады. Оқ-дәрі тиелген вагонның жаулап жана бастағанын көрген Жаппархан бұғып жата алмады. Отты сөндіруге ұмтылды. Жолдасы Вололожко көмекке келді. Ер жігіттер ебін тауып тілсіз жауды тез құртты. Оқ-дәрі тиелген вагонды апаттан аман сақтап қалды. Бұл Жаппарханның отан соғысы майдандарында істелген патриоттық ерлік істерінің біреуі ғана.

1943 жыл. Майдан шебі. Күздің мұнарланған көб түтін күндерінің бірі еді, қал-

# ҰРПАҚТАРЫ

ДІН СҰҢҢАР

ҒАЛЫМ ҚЫЗ



ол дұшпанның 62 самолетін қыйратты. Міне, осы асқан ерлігі, шексіз батырлығы үшін Кожедубка Советтер Одағының Батыры атағы үш рет берілді, демек ол үш рет алтын жұлдыз медалімен наградталды.

Иван Кожедуб — Октябрь революциясынан кейін туды пионер және комсомол қатарында тәрбиеленді, ол өзінің пионер қатарына алынарда берген алтын аброймен орындады, Ленин—Сталин ісі үшін күреске әрқашанда дайын болды. Қазір гвардия майоры Иван Кожедуб Москвада Әуе Соғыс академиясында оқиды.



1946 жыл, Дондағы Ростов қаласы, Молотов атындағы мемлекеттік Университетінің конференц-залында оқымыстылар кеңесінің мәжілісі өтті. Оған геология-минерология ғылымдарының докторлары мен кандидаттары, университеттің профессорлары мен доценттері қатысты.

Міне, осы мәжілісте қазақ қызы Патшайым Тәжибаева геология-минерология ғылымдарының кандидаты

деген атақ алу үшін диссертация қорғады.

Патшайымның бұл ғылыми еңбегіне Қазақ ССР Ғылым Академиясының президенті, академик Қаныш Сәтбаев жолдас:

— Тәжибаева жолдасының диссертациялық еңбегі, әсіресе, Жезқазған кендерін зерттеу жолында, ғылымға қосылған өте бағалы қазына болып есептеледі. Ол ғылым-зерттеу жұмысында табандылығын және келешегі мол жас екенін көрсете білді, — деген баға берді.

Патшайым Октябрь революциясынан кейін туды, Совет үкметінің алтын бесігінде бөленіп, мектебінде оқыды. Ол 1943 жылы Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік Университетінің геология-минерологиялық факультетін бітіріп, бірінші дәрежелі диплом алып шықты. Аспирантураны да бітірді.

Ол Жезқазған кендерін зерттеуге барды. Одан кейін Қазақ ССР Ғылым Академиясы оны Москваға тәжірибе оқуына жібереді. Мұнан кейін Патшайым Тәжибаева диссертация қорғап, геология-минерология ғылымдарының кандидаты атағын алды.

Патшайым Тәжибаева қазір Алматыдағы Қазақ ССР Ғылым Академиясының Геология ғылым — зерттеу институтында минерология лабораториясына басқарады.

Патшайым әлі жас, оның келешегі мол. Ол совет ғылымына әлі талай ғылыми жаңалықтар қоспақ.

ымына келтіруші Қызылтулы 81-теміржол батальонына қуанышты хабар келді. Батальонының ержүрек командирі майор Карнаровский мен дақты жауынгері Жаппархан Асайыновқа майданда және тылда көрсеткен батырлығы мен ерліктері үшін Отанымыздары ең жоғарғы, ардақты атақ — Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Қызылтулы батальон өздерінің сүйікті ерлерін шаттық жігермен, еңбектегі жаңа ерлеумен құттықтады.

Жаппархан ұлы Сталиннің сенімді серігі — Л. М. Каганович жолдастан құттықтау телеграмма алды. Жаппарханның қуанышы қойнына сыймады. Ол

— Жасымын Совет өкметі! — деген ұш ұлы сөзбен Лазарь Мойсеевичке жауап берді.

Социалистік Еңбек Ері атағын Қазақстанда тұңғыш рет алған осы Жаппархан болды. Халқымыз басқа да мыңдаған ардақты ұлдары сияқты Асайыновты да қадір тұтып, мақтан етеді.



# БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМЫЗ ҮШІН

## ӘЖЕМНІҢ ӘНГІМЕСІ

**К**еш. Шамның жарығында отырып «Пионер» журналынан «Доғал айқасы» деген әңгімені оқып бастадым. Әжем телміре түсіп, бар ықыласымен тындап отыр. Оқып болған соң, әжем:

— Кәне, не түсіндің айтың? — деді маған.  
— Аманкелді асқан батыр болыпты, Шалқасқа деген жүйрік аты бар екен... — деп әрі қарай шұбырға жөнелдім.

— Жок, әлі түсіне қоймапсың, қарғам, — деді әжем маған тесіле қарап.

— Неге, әже, бәріне түсіндім. Нанбасан қайта айтып берейін бе?

— Әңгіменің қызығына түсіп Аманкелді батырдың кім үшін, не үшін жаумен айқасқанын аңғармапсың. Ал, тыңда, мен айтайын, — деді әжем ежелгі қоныр даусына салып.

— Бұдан 30 жыл бұрын, мен ол кезде жастау едім, ұмытқаным жоқ, ауылдағы азамат біткеннің бәрі атқа қонды. Қолдарына қызыл ту алып, елді жеген байларға патшашыл болыстарға қарсы шапты. Аманкелді сықылды талай ерлер қанжығадан қан кешіп, қазата да ушырады.

Өткенге қазір ой жіберіп байқасам, соның бәрі бсы бүгінгі заман үшін, сендердің бақытты өмірлерің үшін екен. Сол Аманкелді сыяқты сарбаздардың аңсаған заманы — бүгінгі Сталиндік бақытты алтын дәурен болатын.

Мен әңгімеге енді әбден түсінгендей болдым.

Мәдениет ДАНИНА

Шар ауданы 60-мектеп.

## БАЛА СЫРҒЫ



Менің Жасұлан дейтін досым болды. Ауыл адамдары екеумізді «қос балапан» дейші еді. Екеуміз бір кісінің баласындай едік.

Әлі есімде, таңертен балалар бақшасына баратынбыз, Шардың суына бірге шомылатынбыз. Кешке үйге бірге қайтушы едік. Менің апам мен оның шешесі бізді «қос балапан келеді» деп, есік алдынан күтіп алушы еді.

1941 жыл, Ұлы Отан соғысы басталды. Үлкен кісілер қолдарына қару алып майданға аттанды. Солармен бірге менің әкем де кетті, үйде анам екеуміз ғана қалдық. Анам теміржол бойында стрелочник болып қызмет істеді. Шіркін, менің апам қандай еді! Қабағымды бір шыттырмаушы еді-ау. Болымсыз бір нәрседен көңілім қалса да, айналып-толғанып асты-үстіме түсетін. Мен әрдайым апамнан:

— Папам қашан келеді? — деп сұрайтынмын.


Сонда ол:

— Әкең ел қорғауға кетті. Жауды жекеді. Сонсоң кешікпей келеді. Саған бақыт әкеледі, — дейтін. «Келеді» деген сөзін ішім жақсы көрсе де, соңғы сөзіне онша түсіне қоймайтынмын.

Апам бір күні жұмыстан кешігіп келді. Жүзінде реніштің, жабырқағандықтың ізі бар еді. Күнде жұмыстан келгенде, мені айналып толғанатын әдетін де істеген жоқ. Мен неге бұлай екенің білуге тырыстым. Бар айтқаны:

— Оркен мазаламашы, басым ауырып тұр, — деген еді.

Мен ертеңгі сабаққа әзірленіп болдым да жатып қалдым. Өлден уақытта көзім ілініп кетіпті, ұйықтап бара жатыр екенмін. Бетіме бір ыстық су тамшылағандай болды. Көзімді ештеңе ашып қарап едім, апам екен анам екен... Ол:



Бұл 1941 жыл еді. Колхозшылар егіс даласында, жұмысшылар отапогінде бейбіт жұмыс істеп жатқан болатын. Еліміз бейбіт өмірдің өрісін өркендете беру мақсатына жұмылған. Жастар мектебінде, қызметшілер кеңесінде өзіндік үлесін атқаруда болатын. Сол 1941 жылғы 22 июнь күні неміс басқыншылары Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасады. Совет адамдары, Совет Армиясы хасиетті тұған жерін қорғауға аттанды. Ұлы Отан соғысы басталды.



# ӘКЕМІЗ ҰЛЫ СТАЛИНГЕ РАХМЕТ!

— Күлзім, папак келмейтін болыпты, — деп, мені құшақтап өксіп-өксіп жіберді.

Аңғарсам, менің әкем Ұлы Отан соғысының майданында қаза тауыпты. Мен әкемнен айрылыппын. Бірақ апам бар да әкемнің жоқтығы білінген жоқ. Кімнің бүтін, қарным тоқ, жақсы оқуды ғана білдім. Я, жақсы оқуды ғана білдім.

Бірақ бұл өмірімде ұзаққа созылған жоқ. Өзімді әлпештеп отырған жалғыз анамнан да айрылдым. Жұмыс үстінде ол да мезгілсіз қазаға ұшырады. Анамның қанға боялған ақ төсіне басымды қойып шырылдадым да жаттым. Сонда мені көрген кейбір адамдар: «Ей, сорлы бала, енді сенде не бақыт бар, не үміт қалды? Кім жеткізеді сені...» десті. Расында, сол сәтте мен ең сорлы, бақытсыз бала болғандай, панасыз, қорғансыз қалғандай едім.

Сонымен мен ата-анасыз қалдым, жетім қалдым. Бірақ та ойлаңдаршы, мен шынымен панасыз қалдым ба?

Жоқ, әсте олай емес.

Мен қазір балалар үйіндемін. Жылы, жарық бөлмеде тұрамын. Оқу оқуыма, дем алуыма мен үшін барлық жағдай жасалған. Енді бұдан артық не тілемекпін!

Бізде жуырда дружина жыйыны болып өтті. Жыйында аға вожатый сөйледі. Ол бізге социалистік Отан туралы, Отанды сүйу туралы айтты. Оның сөзіне қарағанда, бәрімізге қамқоршы, ұлы анамыз бар екен. Ол — Отан. Анамның анасы да осы Отан екенін білдім. Бізді мәпелеп өсіретін де, қол жерлес шынарға жеткізетін де осы үлкен ана социалистік Отан екен.

Біз Отанды қандай сүйсек, ұлы Сталинді де сондай сүйеміз. Социалистік Отанды жасаушы, мәңгілік бақытты орнатушы, бәріміздің әкеміз және сүйікті көсеміміз ұлы Сталин. Сондықтан да біздер:

— Бақытты балалық шағымыз үшін әкеміз ұлы Сталинге көп рахмет! — дейміз.

Оркен МҮСІНБАЕВ,  
Семей облысы, Шар станциясы,  
теміржол мектебі.

## БІЗ БАҚЫТТЫМЫЗ



С уық бұлақтағы известь шығаратын заводтың жұмысшысы болып істейтін әкеміз Мұхаметхан 1941 жылы ұлы Отан соғысына кетті. Онда біздің ең үлкеніміз — Күлзира 6 жаста еді де, Тоқан — 3 жаста ал кішіміз — Нурзила бір жаста ғана болатын.

Соғыстағы әкемізден хат келіп тұрды. Біз де өсе бастадық. Әкеміз ылғый: «Қарақтарым, оқу оқыңдар, тәртіпті болыңдар!» деп жазатын еді. Анам Күлзираны 8 жасқа шыққанда мектепке оқуға берді. Күлзира бірінші класты өте жақсы оқып бітіріп шықты.

Сол жылы, Күлзира бірінші класты бітірген жылы, майданнан, әкеміз қызмет ететін әскери бөлімнің командирінен, хат келді. Ол әкеміздің майданда қайтыс болғандығын хабарлапты. Командир әкеміздің батыр болғандығын, оның бір орден үш медальмен наградталғандығын, ал балаларының да сондай батыр болып өсіп, сабақты жақсы оқуы керектігін жазыпты.

Онда Тоқан 6 жаста еді. Күздігүні ол мектепке өзі барып, мұғалімдердің «әлі жасың, ендігі жылы кел» дегеніне қарамастан оқуға түсті. «Әкем де, әкемнің командирі де маған оқы деп айтқан» деп, бірінші класс балаларымен бірге отырып алды. Ол әкесінің әсиетін осылай орындауға кірісті, класының озат оқушысы болды.


Ал, завод директоры біздің үйімізге ерекше қарайласып тұрады. Басқа үлкен адамдар, көршілеріміз де үнемі қамқорлық жасап жүреді. Барлығы да біздің үйдің шаруашылығына көмектеседі. Сондықтан біз әкеміз жоқ болса да, езімізді бақытты балалармыз деп санаймыз.

Күлзира БӨРІБАЕВА,  
Тоқан БӨРІБАЕВ,  
Нурзила БӨРІБАЕВА,

Семей облысы, Ново-Таубинко селосы, бастауыш мектеп.



1945



1945 жылғы майдан 9ы күні неміс фашистері Совет Армиясының алдында тәзе бүкті. Сол күні астанамыз Москва — дүние жүзіне Жеңіс салтанатын естірте қуатты салют берді. Бұл күн тарихқа Жеңіс күні болып алтын әріппен жазылды. Бұл күнді совет халқы жыл сайын мереке етіп өткізеді. Бұл күнді жер шарының бостандық сүйгіш халықтары да мейрамдайды. Ол күні Совет Армиясына өздерінің ең жалынды сөздерін, мың мәртәбе алғыстарын айтады, зор сенімдерін білдіреді.



(А. Фадеевтің „Жас гвардия“ атты романы бойынша жазылған пьесадан үзінді).

**Г. ГРАКОВ**

Суреттерін жасаған **Н. ЛЕБЕДЕВ**

Кошевойдың үйінің бір бөлмесі. Үйде Валя Борц. Ол терезе алдында үрейлене тындап тұр. Сыртта жақындап келе жатқан неміс дауыстары, айғай-шу. Бірінің артынан бірі жедел атылған мылтық дауысы. Осылардың соңынан үйдің есігі ашылғаны естіледі. Валя есік дауысы шыққан жаққа бұрылып қарайды. Есіктен кіріп келе жатқан Олег Кошевой көрінеді.

Валя. Бұл не, сенің соңыңнан түскендер ме?

Олег (тыңдап). Өтіп кетті. Я, менің соңымнан.

Валя. Ал, жігіттер қайда?

Олег. Жігіттер, менімше, іздерін жасырып үлгірген болар. Немістерді мен өз соңыма салып отырдым да, дәл мына осы пұшпақта алдап кеттім. Олар пұшпақты айналып, сол жаққа бұрылғанда, мен үйге жалт бердім. Бір тәуірі көше қараңғы екен. Бүгінгі түн — түн-ақ! Фоминді дараға асқан түннен де қараңғы. Есінде ме? Ваня келмеді ме?

Валя. Земнухов па? Жоқ.

Олег. Сергейші?

Валя. Ол қазір келеді. (Олегке үніле қарап). Сен аттық ба?

Олег. Я.

Валя. Сен қолға бір түсесің ғой әйтеуір.

Олег. Біле берсін олар. Олардың бәрін қандалашы езіп, өртеу керек деп, әкем дұрық айтады. (Тыңдайды.) Тынышталған сыяқты. (Отырып, ризалық пішіпмен күледі.) Шаршадым.

Валя. Сонда да ризасың ғой!

Олег (қулана). Енді қалай! Бөрі қарашы, танерген ғой майстер Брюкнер немесе тіпті генерал Клердің өзі көшеге шыққанда, айнала ожалау! Мейраммен күттықтаймыз сізді, фельдкомендант тақсыр! Қанша адамды асар екен? Миналардың анық мина емес екенін немістер сезіп коқы да мүмкін.

Валя. Ал, әзірге олар ештеңе сезген жоқ па?

Олег. Жоқ, олар бізді соңынан көшеде ғана байқап қалды. Ал, өздерің қалайсындар?

Валя. Біз Сережа екеуміз үш үйге ожалау іліп үлгердік. Оның алдында Сережа, ойынның соңынан кино-театрдан немістердің туын алып кетті. Есінде ме, әлгі ана экранда ілулі тұратын ту?

Олег. Қойшы?! Жанжалдың үлкені десейші! Тудан айрылу — қан майданда жеңілумен бірдей деген сөз.

Сырттағы есік қағылады.

Валя. Әне солар!

Олег есік ашады. Люба Швецова, Сергей Тюленин, Жора Артунианец, Радик Юркин, Уля Громова. Туркенич кіреді. Бәрінің де үсті-бастары су, былғаныш, бірақ та, бәрі де бақышты, қуанышты күйде.

Жора. Кір, Радик, Уялма кір!

Люба. Ойбай, нешеуміз өзіміз! Думан болматса, жазғам сүйеді! Құдай біледі!

Тюленин. Шіркін бүгінгі түн-ай десейші! Тұмсығымыз түйісіп, сүзісіп қалып жүрсек те, бір-бірімізді бөтен адам екен десіп қаламыз.

Олег. Сендер қайда кеттіңдер? Мен тіпті сендерді іздемек болып отыр ем.

Туркенич. Біз Сергей екеуміз тіпті тура дирекцияның төбесіне шығып кетіппіз.

Олег. Дирекцияның? Полицияшы?

Тюленин (қулана). Өрт сөндірушілердің басқшыы қайда қоясың?

Олег. Ваня әлі жоқ.

Уля (таңырқап). Ол жоқ па әлі?

Олег. Я, немене?

Уля. Қызық екен, Олег. Мен олардікіне бардым, ол әлдеқашан сендердікіне келті деді ғой маған.

Олег. Я..

Валя (Любаға). Сендер қалайсындар?

Люба. Несін айтасын! Қазарманың төбесінде — бір де, кинотеатрда — екі де.., жаңбыр, жел, жалаулар желмен желбіреп тұр. О, шіркін тамаша!

Тюленин (Олегке). Мен ана дирекцияның төбесіне нағыз минаның өзін қойдым. Менде бір мина бар еді. Жайрасын бір ертең.

Олег. Ал, сенше, Жора?

Жора. Біз де, Радик екеуміз екі жалау қадалдық: біреуі аурухананың төбесінде, біреуі Ворошилов атындағы мектепте. Ең қыймы простыня табу болды-ау деймін. Әкем айтады: «бояуға болады-ау, деген мән простыня ғой кұрғыры.. Ал, шешенді қайтеміз?» дейді. Мен әкеме айттым, мәселенің өзін шешіп алуымыз керек, үйдегі мықтың кім осы. Әке өзіңсің бе? Жоқ, әлде шешем бе?

Олег (қуліп). Я сонымен мәселе қалай шешілді?

Жора. Шешеннің мінезі белгілі ғой, онымен бұл мәселені шешпей-ақ қояйық, — делі де әкем, тура жеке өз басының жауапкершілігіне алып, бізге простыняны берді де жіберді.. Ал енді менің үй-шімнің несін айтасын, әйтеуір, бір — мыйпалау. Шешем бүкіл аудандағы немістерге қарсы істеліп жатқан әрекеттің бәрине кінәлі мен деп біледі. Менімше, тіпті бүкіл немістер басып алған жердегі немістерге қарсы әрекеттің бәрін менен көретін сыяқты. Ол маған сені дараға асады деп сәуегейлік соғады да отырады.

Балалар күледі.

Олег (қамқорлық кейіппен). Ваня неге жоқ, ә? (Бәріне.) Жолдастар, штаб мүшелері, тағы басқа осындағылардың түрел отыруларыңды сұраймын. Комсомолға түсу жөнінде бізде Радик Юркин жолдастан өтініш бар.

Уля (көңілін көтере). Отыр, Радик, отыр.

Радик. Үлкен рахмет.

Олег. Радик Юркин Артунианец тобында жұмысқа

Будан екі ай бұрын кірісті. Отанды соғыс аяғы? Фоминді жазалап асып өлтіру ісіне қатысты. Қазір Тюлениннің жауынгер тобында, Сережа, Баянда.

Тюленин, (орнынан тұрып), Радик әрбір жолдық үстінде неміс машиналарына жасалған шабуылдарға қатысты. Меніңше, өжет қыймылдады. Сол енді.

Жора, Жаңа ғана, Советтер Одағының екі бірдей мемлекеттік туын Краснодар қаласының үстіне қалады.

Олег, Радик Юркин жолдасқа сұрақтарың бола ма?

Туркенич, Өмір баянын айтып берсін.

Радик, (түрегеліп), Мен 1928 жылы Краснодар қаласында тудым, Горький атындағы мектепте оқыдым (Кідіріп тұрып), Немістер келгеннен бері оқымаймын.

Туркенич, Қоғам жұмысын атқарған жоқсың ба?

Радик (күрсініп), Атқарғам жоқ.

Уля, Сен айтшы, Радик, сүйетін геройың кім?

Радик (ойланып барып), Чкалов.

Тюленин, (масаттанған пішіммен), Жігіті Мияаны қайткенде жарылмайтын етуді үйрендің бе?

Радик, (бәсең дауыспен), Үйренем ғой оны.

Люба, Егер өзінді Германияға айдап әкетсе, сен онда не істер едің?

Радик, Мені ме? Мен онда олардың бірдемелерін өртеп жіберіп, қашып кеткен болар ем.

Олег (масаттана күліп), Не қылсаң да өртер ме ең?

Радик, Енді қалай?

Тюленин, Сталин жолдасың айдаудан неше рет қашқаның білемісің?

Радик (сенімді түрде), Сталин жолдас айдаудан аты рет қашқан.

Тюленин, Дұрыс.

Уля, Комсомолдың міндетін білемісің?

Радик, Комсомолдың міндеті: неміс-фашист басқыншыларын бірі қалғанша күрту.

Туркенич, Міне, меніңше, жігіт қалсаң әбден сауатты.

Уля, Алу керек.

Люба, Алу керек, алу керек.

Олег, Радик Юркин жолдасы комсомол мүшесіне қабылдау керек дегендеріңіз қол көтеріңіздер! Бір ауыздан дауыс берілді. Бері кел. (Салтанатты түрде.) Штабтың тапсыруы бойынша саған комсомолдың уақытша билеті беріледі. Өзінің арындай сақта. Мүшелік жарнаңды өзің істейтін топта төлеп тұрарсың. Қызыл Армия қайтып келген соң, аудандық комсомол комитеті уақытша билеттің орнына түпкілікті билет береді.

Радик, Әрқашан өзіммен бірге болады, күрткеме тігіп тастаймын.

Олег, Құтты болсын айтамыз.

Барлығы Радикті құттықтасады. Уля оны құшақтап жатады, Люба тіпті сүйінте алады.

Радик (жөнсіздеу күйде), Үлкен рахмет.

Олег, Жүре беруіңе болады.

Радик, Қош болыңдар.

Кенет балалық қалыпқа түсіп, көңілді, секіре басып үйден шығады.

Олег, Тамаша жігіт! (Сағатына қарап). Жолдастар, өже, ана, уақыт болды (Асығып екінші бөлмеге келеді).

Елена Николаевна мен әжесі Вера кіреді. Олег радионауштары бар шұруды созып әкеле жатады. Радионаушниктер Олегке, Вераға, Уляға, Тюленинға кісі басы бір-бірден жетеді.

Олег (наушниктерді үлестіріп жатып), Сен рәйісіңе, Люба, мен естігенімнің бері қайталап айтшы тұрам. (Тындайды.) Жымжырт, Қол шапалақтап жатыр. (Бәрі тер салып тындауда). Сталин, Жазуға даярланыңдар!

Уля, Дайынбыз, тише!

Люба, Айта бер, Олег.

Олег, (жүрегі толқыған күйде), «Жолдастар!.. Бүгін біз, еліміздегі советтік революция жеңісінің жыйырма бес жылдығын мерекелеп отырмыз...» Қол шапалақтап жатыр!

Елена Николаевна, (толқыған күйінде), Шың өзі ме?

Олег (ынтыға), Әрине өзі. Тише! Жазыңдар.

Уля, Мен жазып жатырмын.

Люба (сыбырлап), Естерінде ме, былтырғы Қызыл алаңнан?..

Олег, (дауыстап), «Меніңше, неміс-фашист қарақшыларымен олардың одақтастарының құтырған бандыларының мұндай тегеурініне басқа ешбір ел... және басқа ешбір армия, төтеп бере алмаған болар еді». Тағы қол шапалақтап жатыр.

Уля (Сергейге сыбырлап), Қандай салмақпен сөйлеп тұр ол, естіп отырсың ба, сен? (Тюленин басын изейді. Оның сөзін қазір барлық адам, бүкіл әлем тындап отыр ғой.

Тюленин, Меніңше оны қазір Гитлер де тындап отыр ғой деп ойлаймын. Приемнигі жөндеп алып тындап отырған болар.

Люба (жиркенішті пішіммен), Үреймене, қалтырай тындап отырған болар, қарғыс жауғыр, азғын!

Олег (Асығыс) Уля жан, жаз.

Уля (ақырын), Мен жазып отырмын, Олег.

Олег (дауыстап), «Біздің Қызыл Армияның даңқы артсын! Біздің партизандарымыз бен партизан әйелдеріміздің даңқы артсын!» Естідіңдер ме, сендер? Бұл сөзді де айтты ол! Партизандар мен партизан әйелдер дейді! (Тындайды.) Қол шапалақтау! Қол шапалақтау! «Сталин жолдас жасасын!» Айғай салады... Тыйындалды. (Баяу ғана наушникті құлағынан алып қояды).



Вера Кемпір (арманмен). Міне әңгіме Мәл тұра Москваның өзінде отыр екем деп қалдым емес пе? (Олег наушниктерді жыйнайды.) Ей, қарақтарым-ай енді, қарашықтарым ұл-қыздарым, осылай отырасындар ма? Ұлы мейрам емес пе бүгін! Дастарқанға қараңдаршы. Анау тағамдар менің көркім үшін тұр ма? Неге ішін-жемейсіңдер?

Олег. Әжетайым, бәрінен де ардақтым сенсің! Столға жақындаңдар, столға. (Туркеничке), Иван! Сөз саған берілді. Ал сөйле!

Туркенич. Ұлы Октябрь революциясының 25 жылдық мерекесімен құттықтаймын, барлығыңызды! Біз бүгін өзіміздің жауынгер топтарымыздағы жігіттерімізді елге жүрекпен еске алсақ деймін. Погорелой хуторында тұтқынға түскендерді азат еткен жігіттерімізді, Каменский мен Ворошиловградкі жолында жаудың машиналары мен бензин жеткізетін құралдарын өртеп жүрген жігіттерімізді, біздің листовкаларымызды жазушы, басушыларды, әрине, Тюленин бастаған топтағы ер жүректерімізді хұрметпен еске алсақ деймін.

Туркенич (гитар тартып, өлең айтады).

На закате ходит парень

Возле дома моего..

Біреуі, екіншісі, үшіншісі — сүйтіп барып бәрі қосылып кетеді.

Люба (өлең үстінде). Естерінде ме, достар, Москвадан радиомен қандай өлең-жырлар беруші еді. Күн сайын! (өлең айтыла береді).

Люба (қуштарлана). Ваня! Қане! (Туркенич би күйін ойнайды, Люба билеп жөнеледі).

Вера Кемпір. Міне, шіркін би!

Люба (билеп жүріп). Сережа! Қане!

Олег (шаттанып). Міне, біздің Люба!

Вера Кемпір. О, қайран би! Сережа, Тарт гопаққа! Орамалын былғап, Вера кемпір гопаққа билейді.

Олег. Менші? (Әжесімен бірге билейді).

Вера Кемпір (диванға жантая кетіп). Кәрілік-ай десеңші. Өліп қала жаздадым ғой, үй! (Орамалымен желпінеді, би қыза түседі, Асығыс есік қағылады).

Олег. Есік қағады.

Уля. Бұл енді Ваня-ақ шығар, ә?

Олег жүгіріп шығады, соңынан әжесі де шығады. Есік алдынан сөйлескен дауыстар естіліп тұрады. Өңі қашып, жүрегі толқып Олег кіреді.

Уля. Не болып қалды?

Олег. Ваняны, Стаховичті, Машковты тұтқынға алыпты!

Люба. Ваня Землуховты да ма?

Туркенич. Қай жерде?

Олег. Нина Ивановцова келді. Клубтың қасында. Немістер әуелі Стаховичты, сонансоң Ваняны, Машковты қолға түсіріпті, мен бәрінде хабарландыр деп Нинаны жібердім. (Ойланып қалып.) Білініп қалғаны ма? Ваня... Машков... Стахович...

Туркенич. Жігіттер айтпайды.

Олег. Я, мәселе бүкіл ұйымның дағдырына соғып отыр. Немістер дәл төбемізден түсті.

Тюленин. Бөгелуге болмайды енді. Олар осында да көзінді ашып жұмғанша келіп қалуы мүмкін.

Олег (аз үнсіз тұрып). Біз бұл істің ақыры тыйыштықпен тынар деген ойдың қандайынан болмасын аулақ болуымыз керек. (Жігерленіп). Әйтпесе біз өзіміз де апатқа ұшыраймыз, ұйымның барлық мүшелері де апатқа ұшырайды. Біз қаладан кетуіміз керек. Біз адал ниет, ақ жүрегімізбен күрестік, сондықтан борышымызды ақтадық деген сеніммен тарасуымызға қақымыз бар. Әр қайсымыз ұрыс шебінен өтіп шығуға тырысуымыз керек. Бүкіл ұйымға, барлығына да ескерту керек. Туған-туысқандарға айту керек, Басқа пікірлерің бар

ма? (Тым-тырыс, Сергейге ақырын ғана.) Сәлемет. (Аз түгел түсініп бе?)

Тюленин. Түгел Стахович шыдай алмауы мүмкін? Сөлей ғой.

Олег. Я, бұл жөнінде әңгіме қозғамау керек. Байыбына бармай, сенімсіздік білдіру жақсы емес. Оған енді ауыр азапты көрсетіп жатқан шығар-ау, біз әзірге әлі боспыз ғой..

Туркенич. Бәрі де дұрыс. Қызыл Армияның қатарында, осы жерде келіп көріскенше сау болыңдар, достар. Қыймастық күйдегі қош айтысу. Туркенич, Сергей, Уля, Жора, Люба, Валя бір-бірлеп кетеді.

Олег (Уля мен қош айтысады). Рахмет, рахмет сенің.. Люба жан, Валя, Иван, Сережа бәрің де қош бол. Жора, сен қайда барасың?

Жора (көзіне жас алып). Шіркін дәл қазір мен неге ғана Ваня мен бірге емес екем, Олег? (Олегтен басқасы түгел кетеді).

Олег (жолдастарының соңынан қарап қалып.) Жарты жылдан да аз мезгіл өтті, бәрі де қалай өзгерген, талай ауыр жылдарды бастан кешірген адамдарға ұқсайды.

Олег. Апа..

Елена Николаевна мен әжесі Вера кіреді.

Олег. Апа, сенмен де әжетай, қош айтысуға тұра келеді енді.

Елена Николаевна. Дала суық, мезгілсіз жауған қар.

Олег. Маған бөгелуге болмайды. Кеш, апатай, анам!

Елена Николаевна (ақырын ғана). Комсомол билетінді қалдырып кет маған. Мен оны сақтармын. Олег жан, егер сенің жаңыңнан тауып алса..

Олег. Апа, мен сенің айтқаныңды екі етпеуші ем ғой. Түсінесің ғой өзң де.. Ол менің жанымда болады.. Әр қашан менің жанымда!

Елена Николаевна. Егер бір нәрсеге ұшырай қалсаң, мен яки әкен, не туысқандарыңның бірі мойындады, бәрі де айтып берді дей қалса олар, сенбе оларға, сырды айтпа. Біз саған ант етеміз, естимісің, құлыным.

Олег. Бәрің де жағып жіберіңдер. Радиоприемникті тығындар Ал, апа, қарашы маған, апатай. Мен өзіміздің адамдармен бірге, жуыпгерлермен бірге қайтып келем.

Елена Николаевна. Олег жан!

Олег әжесі және шешесімен қоштасып шығып кетеді.

Елена Николаевна. Қандай қорқыныш дүниесі! Қандай ауыр күрес! (Көтеріңкілеу ақырын дауыспен.) Ананы қара, апа!

(Қысқы күннің алғашқы атқан шапағына бөленіп бір биік үйдің төбесінде желбіреген қызыл ту көрінеді.)

Қызыл жалау! Әне! Ворошилов атындағы мектептің төбесінде. Әне тағы! Апа, қара.. Аурухананың, райисполкомның төбесінде... Апа, қалай көп өзі!..

Вера Кемпір. Неге жылап тұрсың сен, Лена! Неге жылап тұрсың? (Көзіне жас толады.) Сенің ұлың ғой ол, ол жалауларды ілген, сен неге жылайсың, Лена қуану керек емес пе қазір.. (қарайды). Ананы қара, ананы қарашы, жалауды алуға өрмелеп шығып барады. Құлапта кетпейді-ау! Қарашы, Лена! (Минаның жарылған дауысы естіледі.) Бәрежелді! Я құдай балаларымның бағын аш!

Елена Николаевна (рухтанып). Олар ұстап алған күнде де оның қуатты болуын ғана ойлаймын, апа. Олар өле-өлгенше оның қанатын қайыра алмаса екен деймін. Ол олардың алдында қалтырамаса екен, ол олардың бетіне түкірсе екен деймін.

Екі әйел қала үстінде желбіреген қызыл туларға қарап тұрады.

Шымылдық.

Аударған Қайым МҰҚАМЕТХАНОВ.



# ӘКЕ ДАҢҚЫ

С. БАҚБЕРГЕНОВ

Зейне Асқарбектің жаманат хабарын естіген күні фабрикадан кешігіп қайтты. Оның алдындағы үмітті күндер елес болып, өзінен қашықтап бара жатқан тәрізденді. Денесі дел-сал болып, не істерін білмей ақырып біраз тұрды. Станокке асыла тұрып, теріс айналып жылап та алды. Онымен бірге өткен тату-тәтті күндерін есіне түсірді. Жұмысты күндегіше істеуге болмады.

Асқарбек өзінен аумаған балапандарын көргенде, қуанатын. Менің үмітім мен тілегім, өмірге «өзім» деп қалдырар мұратым деп ұғатын. Ол қарт әкесінің көзінше ұялса да, онашада балаларын бауырына басып, сүйіп-сүйіп алатын. Осы суреттердің барлығы Зейненің көз алдынан тізбек-тізбек болып өтіп жатты. Әресе, вокзал басында, Асқарбек майданға жүрер алдында:

— Ал, Зейне, уайымдап жүдеме, бәліңді бекем байла. Аман-есен жауды жеңіп тірі келсем, басыңнан өткен қыйын күндерің ұмыт болар. Азаматтық істе, мына екі балапан мен қарт әкемді өзіңе тапсырдым — деп екі баласын кезек-кезек сүйген еді. Аққозы мен Ақмоншақ ешнәрсеге түсінген жоқ. Тек қана әкесі мен шешесіне жалтақ-жалтақ қарап, көздері жаудырады да тұрды. Артынша-ақ поезд жүріп те кетті. Асқарбек көз көрім өжерге барғанша, вагонның табалдырығында тұрып қолын бұлғады. Зейне де көзін алмай қолын көтеріп қоштасты. Неге екенің білмесе де, Аққозы мен Ақмоншақта кішкентай саусақтарын ербитіп, поезд кеткен жаққа қарай көтеріп тұрды. Бұған, міне, 4 жыл болды. Қазір Аққозы 7, Ақмоншақ 6 жасқа шықты.

Осындай қалың ойдың шырмауында қалған Зейне бүгінгі нормасын орындай алмай қалды. Күнде екі-үш норма орындайтын Зейнеге бұл қолайсыз көрінді.

«Жолдасымның жаманатын естің, норманы орындай алмадым». — деп айтуды өзіне мін санады. Уақытынан екі сағат кейін қалып, тиісті жұмысты орындап қайтты.

Үйге таянғанда күндегі әдеттері бойынша алдынан Аққозы мен Ақмоншақ жүтіріп шықты. Бұларды көріп Зейне тағы да көзіне жас алып, жылап жібергісі келді. Бірақ өзіне өзі тоқтау салды. Екеуін құшақтап алма кезек сүйіп:

— Ойнай беріңдер, құлындарым, — деді.

Аққозы шешесінің салыңқы қабағына біраз қарап тұрды да, ойнап кетті.

Арада бір жеті өткен соң-ақ Зейнені аудандық соғыс комиссариаты шақырып, Асқарбектің біраз документтері мен өлер алдында алған Отаң соғысының бірінші дәрежелі орденін берді.

Зейне үйге келіп, орденді көрсетпей тығып тастады. Мұны ешкім сезген жоқ. Аққозы мен Ақмоншақ егіз қозыдай бірге жүріп, бірге ойнап, қаннен қаперсіз өсе берді.

— Мама, соғыс бітті ғой. Енді папам қашан келеді? — деген Аққозының бір сөзіне, Зейне не деп жауап берерін білмеді. Бұлдіршіндей бөбегін алдай беруге ана қыямды білем.

— Папа келмейді. Ол алысқа кетті. Сені жігіт болып өсе берсін, үлкейгенде мынаны тақсын деп жіберіпті, — деді де сандықтан орденді алып көрсетті.

Аққозы орденді қолына алып көп уақыт көз айырмай қарауда болды. Ол шешесінің не дегеніне түсінген де жоқ. «Ол келемін, барамын», — деп бізді алдаған екен ғой деген адамша ернін шошайтып, ұртына томпайтып бұрышқа барып отырды. Бұл әкесінің «алысқа кеткеніне» өкпелегені еді. Ал, Ақмоншақ «алысқа кетті» дегенді түсінген де жоқ. Орденді қолына ұстап: «Папам герой, папам герой!» — деп үйдің ішін айналып жүгіре берді. Аққозының анау отырысы Зейненің жүрегін қарыс айырғанымен, Ақмоншақтың мына мінезі күлкісін келтіріп, жадыратып та жіберді. Есік ашылды. Әскерше киінген бөгде кісіге Аққозы мен Ақмоншақ «папамыз осы емес пе?» дегендей тесіле қарады. Зейне орындық ұсынып отырғызды.

Амандасып болған соң бөгде жігіт:

— Мен Берлиннен келдім, — деп бастады әңгімесін. — Асқарбектің майданда бірге болған жолдасымын. Жолдастық қарызын өтеп, аманатын тапсырғалы келдім, — деп қойынынан ескірген кішкене дәптер алып, Зейнеге ұсынды.

— Барлық сыры осында. Бұл оның күнделік дәптері еді. Өлер алдында: «дос болсаң, осы дәптерді үйіме жеткіз. Балаларым ер жетіп, есін білгенде, әкесінің қайда неғып өлгенін білсін. Отанның тәуелсіздігі мен бостандығы үшін, ар мен намыс үшін өлген әкенің төрт жарым жылдық ерлік күресін көрсін. Мақтануға тұратын ісім болса, әке даңқын мақтаныш етсін», — деп сөзін доғарды.

Зейненің Аққозы мен Ақмоншақтан қарт атасынан көптен бері жасырған сыры ашылды. Қарт ата екі немересін екі қолтығына алып отырып, негі кемсендеп жылап та жіберді. Қәрі көзден шыққан ыстық жас ақ сақалын бойлап, Аққозы мен Ақмоншақтың бетіне тамды. Олар: «әкеміз үшін аққан жас бетімізде құрғасын» — дегендей бетін сүртпей, монтайып отырды да қойды.

Бағанадан бері үндемей отырған жігіт мынаны айтты:

— Осы хатты жазып отырғанда, «Атақағал!» — деген бұйрық берілді. Бәріміз де алға ұмтылды. Рейхстагтің терезелерінен бізді атқылай бастады. Бораған оққа қарсы жүріп, астыңғы қабат үйге кірдік. Кіре берісте немістермен найзаластық та. Асқарбек бірнеше адамды жалғыз өзі жайратты. Бұрышта жасырынып тұрып атқан неміс офицерінің оғынан Асқарбек құлап түскенін көзім шалып қалды. Астыңғы үйлерді тазалап, үстіне өрмеледік. Ту тігілген соң, Асқарбек құлаған жерге қайтып оралдым. Ол жансыз екен. Өзі жатқан қабырға да қанмен айғыз-айғыз жазылған жазуға көзім түсті. Онда: «Мен Асқарбек Оспанов» — деп жазылған екен. Сол жазу Рейхстагтің кіре берісінде әлі тұр. Мұны біз оқыдық, бізден кейін біздің ұрпақтар оқыды. Мүмкін, ол туралы әлі талай дастан да жазылар.

ердің аты өшпесі емес, оның аты Сталин жүрегіңде қандай сақталса, кейінгі жастар — Аққозы мен Ақмоншақтардың жүрегінде сондай сақталады. Әке данқын шығаратын бала барда, ерге өлім жоқ. Ер өлмейді, өлмек те емес. Мына екі бала мен еркін әнбегіңіз сіздің тірегіңіз болады. — деп бөгде жігіт Аққозы мен Ақмоншаққа қарады. Әкесі туралы айтып отырған әңгімені ұйып тындаған екі жасқа мейірімі түсіп кетті білем:

— Ердің көзі ғой, — деп екеуін кезек-кезек сүйді. Бөгде адамның еркелетіп сүйгеніне Аққозы таңдана қарады. Ал, Ақмоншақ: «Менің папам осы кісі емес пе?» — дегендей бетіне тесіле қарап жұмышын қана күліп қойды. Қыз көзінде әке бейнесі көрінді.

\*\*\*

Аққозы мен Ақмоншақ оқу басталды деген күннен бері Зейне мен атасына маза бермейтін болды.

— Мектепке қашан ертіп барасың?

— Оқу басталған күні ертіп барамыз, қалқаларым.

— Мен оқып хат таныған соң, ең алдымен папам жазған дәптерді оқыймын, — дейді Аққозы. Оның осыны айтқанда, көзі жайнап сала береді, масаттанып мақтаныш етеді. Әкесінің істеген ерлік ісін біліп, әке данқын мақтаныш еткісі келеді.

— Шүкірім-ау, талабыңа жет, ойлап жүргенін қара? — деп Зейне күлімдей түседі.

Зейне жұмыстан шаршап қайтқанда балаларының осындай қылығын көріп бәрін де ұмытады. Оның өмір сүріп жасай бергісі келеді. Екеуінің қызығын көріп, адам ету — ана арманы.

Аққозы мен Ақмоншаққа Зейне дәптер, қарандаш, кітап сатып әкелді. Екеуіне лайық кішкене сума істеп берді. Бұл екеуінің бүгінгі қуанышы өте қызық еді. Мінездері де біртүрлі өзгеріп кеткен сияқты. Бұлардың бұл қуанышының орныда бар. Өйткені жаңа өмірдің есігін ашбақ Зейне мен Оспан шалдың қолтығынан шығып мектеп тәрбиесін көреді. Ер жетеді.

Балаларының талабын, қуанышын көріп Оспан шал:

— Мінезі аумаған Асқарбек жан сияқты. Тірі болса балам жігіттің, сұлғаны болады. Тіл-аузым тасқа, — деп жерге бір түкіріп қойды.

Бүгін бірінші сентябрь. Совет мектебінің есігі миллиондаған совет жастары үшін кең ашылды. Оқушылар ерте тұрып, қаланың кең көшелерімен мектепке қарай лек-лек боп ағыла бастады. Қолдарында сумкасы, мойдындарында қызыл галстук, жүздері жарқын, өзгеше бір қуанышқа бөленген жеткіншектер аяқтарын асыға басады. Мектепке бірінші жыл баратын бөбектерді ата-аналары жетектеп барады. Олар балаларын мектепке өзқолдарымен апарып бермек.

Осы қалың топтың ішінде Ақмоншақты жетелеп Зейне де барады. Ол Ақмоншағын қыздар мектебіне бермек.

Оспан шал Аққозыны қолынан ұстап Сталин проспектісімен жоғары өрлеп кетіп барады. Ол Аққозыны Ильич атындағы ер балалар мектебіне түсірмек.

Аққозы жан-жарына алақтап, айналаны тамашалап келеді. Қаладағы әулім биік үйлер, тұзу көше, қаз-қатар отырғызылған ағаштар, ерсілі-қарсылық жүріп жатқан машиналар, аяқтарын асыға басып кетіп бара жатқан халық оған бір түрлі қызық көрінеді.

Оспан жол-жөнекей Аққозыдан:

— Кімнің баласымын деп жазыласың, қалқам?

Аққозы атасының бетіне жалтақ-жалтақ қарап:

— Папам атына... атам атына... деп екі ұшты сөйледі. Өйткені ол бір кезде «мен атам баласымын» деп те жүргенді.

Бұлар үш қабат үлкен үйдің табалдырығынан жоғары көтерілді. Аққозының көзі есіктен кіре беріске ілінген үлкен сурет бөк «Балалар, қош келдіңдер!» деген жазуға түсті.



— Ата, анау кім?

— Бәсе, ол кім, білсең айтшы!

— Ол — Сталин — дейді Аққозы күлімсіреп.

Қарт ата Аққозымен екеуі іші жақсылап сырланған, түрлі плакаттармен безелдірілген кең залмен жүріп келіп, оқу бөлім меңгерушісі отыратын бөлмеге енді. Мектептің оқу бөлім меңгерушісі бөбек пен ақсақал шалды жылы жүзбен қарсы алды.

— Атың кім, қалқам?

— Атым Аққозы.

— Өте әдемі ат, ал фамилияң кім?

Аққозы бұған келгенде, кідіріп қалды. Ақырын атасының бетіне қарады. Оспан қарттың айтып жібергісі келеді. Бірақ, оқу бөлім меңгерушісі өзі айтсын дегендей ишарат көрсетті. Аққозы аз ойланып тұрып:

— Асқарбек... Оспан... — деді.

— Мұндай қос фамилия болмайды. Бірін айту керек. Бұл жолы Аққозы көп те ойланған жоқ. Атасының бетіне бір қарап алып «Асқарбек» деп бөліп айтты.

— Майдаңда қаза тапқан жалғыз баламның артында қалған көзі ғой. Азаматтың аты өшпесін. Ол менің атымды неміс қаласының қабырғасына дейін жазды деседі, маған сол да жетеді. Өз әкесі — Асқарбектің атына жазыңыз, — деді Оспан шал.

Баланың судай тұнық, мөлдір қара көзінің жанарынан кешегі Отан солдатты, ержүрек Асқарбектің жарқын бейнесі көрініп тұрған сияқты. Оның әке данқын мақтаныш ете сөйлегені оқытушы қайта сұрағанда тағы көрінді.

— Аққозы Асқарбеков.

Оның аты көп балалармен қатар, ақсақал бетіне «Аққозы Асқарбеков» — деп тұңғыш рет жазылып та қалды.

Оқу бөлім меңгерушісі Аққозыны класқа жетектеп кіргізіп, оқытушыға:

— Мынау Аққозы Асқарбеков бірінші класс оқушысы. — деді.

Ердің артында қалған мұрагері — Аққозы Асқарбеков мектеп есігін осылай ашты. Оны халық «Аққозы Асқарбеков» — деп атады. Ол «Аққозы Асқарбеков» болып қалды.

Осындай қызық минуттар Ақмоншақ барған мектепте де болып жатты.



# Еңбек ері

Іле ауданындағы «Қызыл ту № 3» колхозының егіс даласында еңбек майданы қызған кез. Тракторлар тың жерді таспадай тіліп жүр. Аңызда көлік соқалары. Жыртылған жерді тырмалау, тұқым себу жұмыстарының да қарқыны күшті, соқашылардан қалысатын емес. Жарыста алда келе жатқан Әбуғали Түргембаевтың комсомол-жастар звеносы. Бұл звено бығыл ғана, БҚ(б)П Орталық Комитеті февраль пленумының қаулысынан кейін құрылған болатын. Көктем егісінің алғашқы күнінен-ақ жастар еңбекте іс үлгісін көрсетті. Звенода 10 адам. Бұларға 44 гектар егістік участка бекітілген еді. Бүкіл халықтық қозғалысқа қосылған жастар осы участкадан мол өнім алу жорығында еді.

Көктемнің көңілді күндерінің әрбір сағаты Әбуғалидың звеносында табыспен өтіп жатты. Ат жетілген қос тілді соқамен Әбуғалидың өзі жер қыртысын қопарып жүр. Ол жерді тез жыртып бітіру үшін асығуда. Әбуғали бастаған звено колхозда бірінші болып. Бұл мол өнім алу шартының бірі. Екіншіден, көктем егісін басқа звенолардан бұрын аяқтау керек. Әбуғалидың асығатын мәнісі осылар. Звеноның басқа мүшелері де нормаларын ұдайы 2-3 есе артық орындауда. Комсомол мүшесі Қыстаубаев сеялкамен тұқым себудің шебері атанды. Тұқымды қатарлап сеуіп, терең сіңірудің әдісін басқалар Қыстаубаевтан үйренді. Комсомол жастар звеносында да жұмыс осындай қызу қарқында еді. Әбуғали бастаған звено колхозда бірінші болып, ең қысқа мерзім — 8 күн ішінде егісті салып бітірді. Жұмыстың сапасы агротехникалық талаптарға сай болды. Егіннен мол өнім алудың алғашқы шартын комсомол-жастар звеносы осылай орындаған болатын.

Апрель айының аяқ кезі. Бір күні колхоздың жалпы жыйылысы болды. Мұнда Қазақстан еңбекшілерінен Сталин жолдасқа жазылатын хаттың жобасы талқыланды. Қандай міндеттемелер аламыз деген сұрақ тұрды. Сонда көп ішінен қол көтеріп, Түргембаев сөз алды.

— Тарихи қаулыда, — деді Әбуғали, — жылма-жыл егіннен мол өнім алынып, астық көп өндірілсін делінген. Партия халық мүддесі — егіннен мол өнім алуды талап етеді. Менің көсемге беретін сертім мынау: гектарынан 216 пұттан өнім аламын. Хатқа осыны атап көрсетіп жазыңыздар.

Әбуғалидің үлгісімен басқалар да міндеттеме алықты. Егін орағы басталды. Колхозды ауыл зор қуаныш, ерекше өрлеу үстінде. Алғашқы бастырылған егіннен мол өнім түсіп жатыр. Колхозшылар мемлекет мүддесін бәрінен де жоғары санап, алғашқы астықты мемлекетке тапсыруда.

Түргембаев бастаған звеноның егісіне «Сталинец» комбайны келіп араласты. Звено мүшелері егінді до-

богрейкамен де, қолорақпен де орды. Алтын астық әлсін-әлі қырманға тау болып үйіліп, тазаланылысымен дайындау пункттеріне жөнелтілуде. Алғашқы бастырылған егінің әрбір гектарынан 100-118 пұттан өнім алынды. Звено мүшелері тап сәріден — түн қараңғысына дейін қажырлы еңбек етіп, бір дән, бір тал ма-сақ ысрап болмауы үшін күресіп жүр.

Міне, шашырап шыққан күнмен бірге дала кемесі бітік шыққан егінді жыйнауға кірісті. Жастар жаз бойғы еңбектерінің қортындысын — Сталин жолдасқа берілген серттің орындалуын естігенше асығуда. Бұл 9 гектар бидай колхоздың барлық егісінің ішінде көзге түсер ең шұрайлысы болатын.

Колхоздың көрі жасына дейін «бұл участкадан қанша өнім түсер екен?» деген оймен комбайнның бункерінен әр жолы алынған астықты есептеуде. Түс ауғач кез, 9 гектар бидай түгел орылып, бункерден ең ақырғы рет қотарылған астық қырманға жөнелтілді. Астық өлшеніп колхоз есеппісі қортындысын шығарды. Өңшен цифр жазылған бір жапрақ қағазды қолына ұстап, қуанышы қойыптына сыймай колхоз председателі Теберіков жүгіріп қырманға келді де, Әбуғалиды құшақтап сүйді.

— Күттықтаймын, жолдас еңбек ері!, — деді ол.

— Серт орындалып па? — деген сұрақты зорға айтып, Әбуғалидың жүрегі қуанғанын аттай тулады.

— Көсемге берілген серт артығымен орындалды.

— Қаншадан айналған?

— 218 пұттан!

— Мені шып қуанышқа бөледіңіз, звеноға көмек көрсетіп келген колхоз басқармасына үлкен рахмет! — деді Әбуғали.

Серт орындалған күннен-ақ Әбуғали Түргембаевтың аты ауданға, облысқа, бүкіл республика еңбекшілеріне мәлім болды. Узамай-ақ Әбуғалидың атын халықтардың көсемі Сталин жолдас естіді.

Алматылықтардың Сталин жолдасқа жазған хатында былай делінді:

«Сталин жолдас, астық үшін күресте, Сізге берген сертті большевиктік орындау күресінде бізде социалистік егін шаруашылығының жүздеген-мыңдаған шеберлері өсті. Іле ауданындағы «Қызыл ту № 3» колхозында Түргембаев жолдасының мол өнімші звеносы 9 гектар жаздық бидайдың әрбір гектарынан 218 пұттан өнім жыйнады».

Қаһармандық еңбегінің нәтижесінде Әбуғали Түргембаев жолдасының даңқы Советтер Одағына жайылды. Ленин комсомолы тәрбиелеп өсірген, Октябрь ұрпағы Әбуғали Түргембаев жолдас республика еңбекшілерінің, әсіресе, республика комсомолының мақтанышы. Еңбекте ерлік көрсеткен патриот Түргембаев әлі де атақ-абройға ие бола береді.

К. Мыңжанов

## ҚАЗАҚТЫҢ БИАЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЫ

Ғылым мен техниканың өсіп, дамуына совет еліндегідей ешбір елде толық жаңдай жасалмаған. Бізде толып жатқан түрлі ғылыми-зерттеу мекемелері бар. Олар шаруашылықтың әр саласында жаңалық іздеп табумен шұғылданады, көптеген тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Бұл мекемелерге партия мен үкмет үнемі көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырады.

Совет ғылымы 30 жыл ішінде көп табыстарға жетті.

Ғылым мен техникада, өндірісте, ауыл шаруашылығында халық үшін пайдалы жаңалық тапқандарды үкмет пен партиямыз зор құрметтейді. Оларды бүкіл халық болып құрметтейді. Мұндайлардың даңқы шығып, есімдері ел аузында мақтаныш сезіммен аталады.

Мал шаруашылығы — Қазақстанның ауыл шаруашылығының жетекші саласы. Мал бағу қазақ шаруаларының ғасырлар бойы айналысып келе жатқан кәсібі болып табылады. Мал өсіруде қазақ халқының тәжірибесі көп. Бұл жөнінен оның атағы шыққан.

Сталин жолдас Қазақстанды Отанымыздың шығыстары мал шаруашылығының негізгі базасына айналдыру міндетін алға қойды. Көсем нұсқауын орындай отырып, республикамыздың колхоздары мен совхоздары мал шаруашылығын ылғый өркендетіп келеді.

Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде майдан мен елімізге етті, майды, сүтті мейлінше мол берді. Жаулы жеңу жолына үлкен үлес қосты. Мал шаруашылығын өркендету соғыс кезінде де тоқтатылған жоқ. Қайта соғыс жылдарында республикамызда мал саны 3 миллиондай артты.

Сталиндік жаңа бесжылдықта мал шаруашылығы күшті қарқынмен өркендетілуі жоспарланды. 1950 жылдың аяғында Қазақстанда малдың жалпы саны 25,5 миллионға жетеді. Мал тұқымын асылдандыру жұмысы бұрынғыдан да жақсара түседі.

Бұрын Қазақстанда мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу жұмысы атымен жоқ еді. Бұл іс Октябрь социалистік революциясынан кейінгі жерде ғана қолға алына бастады.

Қазақстанның мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты қой өсіруде көрнекті жұмыс атқарды. Институт қазақы қойдың жергілікті тұтқымдарын зерттеп, бұл қойларды биязы жүнді қойлардың тұқымымен будандастыру жөнінде көп тәжірибелер жасады.

Биязы жүнді қойдың жаңа тұқымын өсіру жұмысын институтта ғылыми қызметкер В. А. Бальмонт жолдас басқарды. Ол бұл жұмысқа ең алғаш 1931 жылы кіріскен еді. Көп жылдық тәжірибеден кейін қазақтың биязы жүнді қойын өсіру жұмысы ойдағыдай болып шықты. Бұл жүні биязы, салалы келетін прекос тұқымлы қойы мен қазақы қойын будандастыру жолымен орындалды. Тәжірибе жасауға пайдаланылған қойлар қысы-жазы бірдей жайылымда бағылды. Міне, сол арқылы олардың жергілікті ауа райы жағдайына бейімділігі, үйреншіктілігі қандай екені байқалды.

Қазақтың биязы жүнді қойының артықшылығы неде?

Бұл қойдың жүні біркелкі биязы жібектей шыйратылатын, салалы келеді. Сондықтан да ол басқа қойлардың жүнінен анағұрлым артық бағаланады. Мұның үстіне бұл қойдан қырқылатын жүн анағұрлым көп келеді. Мысалы,

оның әр біреуінен жылына алынатын жүн 5 килограммаға жуық.

Сонымен қатар, қазақтың биязы жүнді қойы салмақты келеді. Мысалы, саулығының тірідей салмағы 60 килограмнан асады. Ал, кейбір сүйегі ірілерінің салмағы 70 килограммаға дейін жетеді. Демек салмақты болған соң ол семіз де келеді. Сойса, еті аппақ май болады, одан іш майы да көп түседі.

Бұл қойдың тағы бір ерекше қасиеті — бұл қой өсімтал келеді, көбінесе егіз туады. Қазақы қойдың әр жүз саулығынан 91 — 92 қозы туса, ал мына биязы жүнді қойдың әр жүз саулығынан жылына 116, тіпті одан да көп қозы туады.

Қазақтың биязы жүнді қойы жергілікті жағдайға бейімделген, қыстың суығына төзімді, көңбіс. Сондықтан ол суықты, аязды елемей, қысқан семіз, күйлі шығады. Бұл қойлар Қазақстанда жаппай өсірілетін болады. Малдың бұл жаңа тұқымын өсірудің халық шаруашылығында үлкен маңызы бар. Колхоздар мен совхоздарда бұл қойлар көп өсірілсе, елімізге биязы жүн де көп беріледі. Ал, жүн өнеркәсібі болса, ол қазір бұрынғыдан да күшейіп отыр. Жоғары сапалы жүннен тоқылатын матаның, киім-кешектің барған сайын көп шығарылуына толық жаңдай туып отыр деген сөз. Балалар, өздерің және туған, туысқандарың киетін киімнің көбі костюмдер, тоқыма көйлектер, шұлық, носкилер осындай жүннен жасалған. Қазақтың биязы жүнді қойының халық шаруашылығындағы осындай айырықша маңызын ескеріп, үкметіміз оны жоғары бағалап отыр.

Өткен жылы бұл табысы үшін В. А. Бальмонт және оның көмекшісі Баканова, Пшеничный жолдастарға Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді.

Сүтті мол беретін кострама сыйырының, ауыр жүк тасыйтын Владимир жылқысының, жоғары сапалы жүнді азербайжан меренос қойының жаңа тұқымдарын өсіру сияқты қазақтың биязы жүнді қойын өсіру Ұлы Отан соғысының қиын қыстау күндерінде жүзеге асырылды.

Ғылым саласындағы мұндай ірі табысқа жету тек алдыңғы қатарлы совет ғылымына тән іс екені тағы да бір айқын көрінді.

З. Айтмағамбетов.



Қазақтың биязы жүнді қойы.



## ДРУЖИНАНЫҢ ЖАҢА СОВЕТІ ІСКЕ КІРІСТІ

Дружина жыйыны шақырылудан бірнеше күн бұрын пионер бөлмесіне Әсия Жанқабылова келді. Ол жуырда звено вожаты болып сайланған болатын. Оны сайлаған жыйынға мен де қатысқан едім.

Әсия алғашқыда сасыңқырап қалды.

— Мен алып жүре алмаймын, жұмысты қалай істеуді білмеймін, — деді ол.

Бірақ, Әсияның үлгілі оқушы, әдепті пионер екендігі, қандай тапсырма болса да, ойдағыдай орындай алатындығы балаларға мәлім еді. Пионерлер Әсияны звено вожаты болып сайлады және оған көмектесуге уәде берді.

Сол Әсия бүгін маған келіп:

— Халима анай, сізбен сөйлесейін деп едім, — деді.

Екеуіміз орындыққа отырдық. Әсия маған өзінің жұмысының барысы туралы айтты.

— Біз, — деді ол, — октябрьдің 30 жылдығына арналған жыйынымызды өткізейік деп едік. Соны қалай өткізу керек?

Өзі өте тынышсызданып отырғаны байқалды. Таңданатын дәнеңесі де жоқ. Өйткені бұл оның өзі өткізгелі отырған бірінші жыйыны еді.

Мен оған жыйынның жоспарын жасап бердім және дружина жыйынында өзіке кездескен қиындықтар туралы сөйлесуді ұсындым. Сонда жаңадан сайланған дружина советі звено вожатыларына көмек көрсетуге көп көңіл бөлетіндігін ескерттім.

Пионерлер дружина жыйынын асығыспен күтті. Олар жаңадан сайланатын дружина советінің не істейтіндігі туралы өз пікірлерін айтпақ болды.

Үлкен залдың іші пионерлерге лық толды. Дружина советінің бұрынғы председателі Рая Байжанова өткен оқу жылында дружина советінің не істеп, не қойғандығы туралы қысқаша айтып өтті. Байжанованың сөзін естігенде, балалар «дружина жұмысын мұнан да жақсы, мұнан да қызықты жүргізуге болатын еді» деген ойға келді.

Рая Байжанова балаларға сөз берді. Олардың жаңа оқу жылында дружина, отряд және звенолардың қалай жұмыс істеуі керектігі жөнінде өз пікірлері мен тілектерін айтуды сұрады.

Бірінші болып Разия Сәкенова сөйледі. Ол физкультурашы—пионерлер атынан жаңа дружина советіне: Ростов пионерлерінің үлгісі бойынша мектеп жанына спорт алаңын ұйым-

дастыруды тапсырды. 6-клас оқушысы Балхия Ахметова Ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығын лайықты тартулармен қарсы алуға шақырды.

Дария Ержанова 18-мектептің оқушыларымен достық қарым-қатнас жасап, араласып тұруды ұсынды.

— Оларды өзіміздің жыйындарымызға шақырайық, бірлесіп сауық кешін ұйымдастырайық, — деді ол.

Жыйында Әсия Жанқабылова да сөйледі. Ол әуелі өзінің звеносы туралы айтты.

— Дружина советі звено вожатыларына үздіксіз көмек көрсетіп отырсын, оларға кеңес беріп, ақыл айтып отыратын болсын, — деді.

Бұл орында ұсыныстарды барлық пионерлер бірауыздан қолдады. Звено вожатыларына көмектесу, олармен тәжірибелік сабақ өткізу — дружинаның жаңа советінің ең басты міндеті болып есептелді.

Жыйынның соңында дружина советінің составы сайланды. Советтің составына мектептің ең таңдаулы пионерлері өтті. Жаңа советтің председателі болып Рая Байжанова қайта сайланды. Мүшелігіне Разия Сәкенова, Дария Ержанова, Гүлшара Абдрахманова және Майра Дәулетовалар кірді. Буларға жұмыстар бөлініп берілді. Бірі қабырға газетін шығарушы редактор, екіншісі физкультура және спорт ісін басқарушы, ал үшіншісі ойын-сауық кешін ұйымдастырушы болды.

Мұнда да Әсия Жанқабылованың ұсынысы аса қатты талқыланды. Дружина советі айына екі рет звено вожатыларының жыйынын өткізуге және олармен тәрбиелік сабақтар жүргізуге қаулы алды. Сол сыяқты отряд советінің председателдерінің де жыйыны өтіп тұратын болды.

Өткен жылы біздің пионерлер бөлмесінде «звено вожатының бұрышы» ұйымдастырылған болатын. Онда пионер ұйымы және оның тарихы туралы, мектеп және лагерь туралы кітапшалар, өлеңдер жыйнағы, түрлі ойын ережелері бар еді. Быйыл сол «звено вожатының бұрышы» кеңейтілмек. Оған таңдаулы звено вожатылардың күнделік дәптерлері, жақсы өткен жыйын туралы материалдар және ересек пионерлердің тәжірибелік кеңестері қойылмақ. Звено вожатылары соларды оқын үлгі алатын болады.

Аға вожатый  
Халима ГАНУТДИНОВА  
Алматы қаласы, 12-қыз  
балалар мектебі,

## ӘРБІР ПИОНЕР ГТОНЫҢ БОЛАШАҚ ЗНАЧКИСТІ

Біздің республикамыздың ондаған таңдаулы спортшылары бар. Спорт шеберлері Востоковты, Бөлтекулың, Қарповты, Вахтелинаны, тағы басқаларды республикамыз мақтаныш етеді.

Сен бұлармен әңгімелесе кетсең, олар: біз спортқа пионер отрядында жүріп жаттыға бастадық; біріміз гимнастикаға, біріміз жеңіл атлетикаға, енді біріміз шахматшылар үйірмесіне белсене қатыстық, сөйтіп жүріп жылдам жүгіруге, гранатты алысқа лақтыруға, футболды шебер ойнауға, биіктіктен және ұзындықтан секіруге үйрендік. Ал, звено, отряд жарысында озып шығып, жүлде де алатын болдық, — деседі.

Бұл өте дұрыс айтылған сөз. Не мамандық, не өнер болса да оған жастай талпыну керек. Сен жас пионерсің. Сен әрқашан халық үшін еңбек етуге, Отан қарғауға дайын тұруға тиіссін. Демек сен ГТОның болашақ значкистісің. Оған осы бастан әзірленуің керек. Сен әуелі дененің, бұлшық еттеріңнің шыйрап, шынығуына көңіл бөл. Ол үшін күн сайын таңертеңгілік денешынықтыру қыймылын жасап тұратын бол.

Сен бұл қыймылдар арқылы жүгіруге, биікке және алысқа секіруге де, гранат лақтыруға да, суда жүзуге де, қайық есуге де машықтана бересің.

Сен 13 жасқа келгенде, ГТО значегіне норма тапсыра бастайсың.

Бұл үшін сен денешынықтыру қыймылдарын күнделікті жасаумен қатар, гимнастика, акробатика, бокс үйірмелерінде белсене қатысып, шаңғы, коньки тебуге, футбол, волейбол, городка ойнауға да қатысып отыр. Бұл ойындар БГТО, ГТО значегінің нормаларын тапсыруға көп жеңілдік келтіреді.

Сен ГТОға норма тапсыру арқылы мергендікке де, найзаласуға да, қылыш сермеуге де үйренесің. Ал, мұндай әдіс-айланы жақсы білсең, әскерде Отан қорғау жөніндегі борышыңды аброймен атқара аласың.

Б. МАКАРЕНКО,  
Педагогика ғылымдарының кандидаты.



# Авторы кім?

(Жанғалақ Жанысовтың қойын дәптерінен).

Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез,  
Нұрын, сырн көруге  
Көкрегінде болсын көз.

\*\*

Барлық бақыт, барлық шаттық  
Сталиннен таралған,  
Улы Сталин, Сізден таптық  
Өмір нұрын жаралған.

\*\*

Шофержан, машинаға мол қылып арт,  
Артарыңда қоямын жалғыз-ақ шарт:  
Бұл жүгінді бақытты тұрмыс берген  
Сталинге анарыш тартуға тарт.

Сен оған айт, бір емес тобымыз, де,  
Әкеп тұрған бұл астық қорымыз, де,  
Бейбіт күнде-напымыз, соғыс болса,  
Бір бидай-жауларға бір оғымыз, де.

\*\*

Бекінген ел бекерге білек сілтемес.

\*\*

Өлгенде мені көміңдер  
Қорғаны биік жерімде,  
Кең далалы жазира,  
Сүйікті туған елімде.

\*\*

Комсомолка Сауле болған,  
Жалпы әйелге Сауле қорған,  
Ей!.. Сауле, Саудежан,  
Сен бақытты, сенде сен!

\*\*

Соғыста, соғыс ерлерше,  
Жан қалмасын ар қалсын,  
Өлердегі күшіңе  
Өлтіруші таң қалсын.

\*\*

Се-Се-Се-еРде барлық ұлт  
Бір-ақ полк.  
Ақын, әскер ұстаға ортақ жорық,  
Жердің ұлы — біз,  
Балға орақ, мылтық  
Өлеңменен сақтаймыз  
жаудан қорып.

\*\*

Сен, Отаным, еңбекте де  
Егесте де ұраным.  
Қайда болсын, күндіз-түні  
Сені көріп тұрамын.

\*\*

Гусев айтса: сүйем, десе,  
Сақарасын орыстың,  
Бар дауыспен көтере айтса  
Күллі әлемге: орыспың!  
Мен де сүйем қазақ жерін,  
Асқар тауын, даласын,  
Елін сүймес, жерін сүймес  
Қай қазақтың баласы.

# Жауаптар


## 1. «У Р А Н»

«Пионер» журналының 1947 жылғы 6-санындағы басылған жұмбақ — суреттің жауабы

«Озат оқушыларға пионерлік сөлем!»

## 2. «Ш ы р п ы»

«Пионер» журналының 1947 жылғы 6-санындағы басылған «Шырпы» деген жұмбақ — суреттің жауабы



Дұрыс шешуін жібергендер: М. Ақпанбетов (Қарағанды облысы, Жезқазған ауданы, Қарсақпай казак орта мектебі), Убайдулла Шалжанов (Өзбек ССР, Ташкент облысы, Жоғарғы Шыршық ауданы, 6-орта мектеп), Жумабай Қазиев (Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы, қазақ орта мектебі), Б. Аманқұлов, М. Шалтықов, К. Қалмағамбетов (Қарағанды қаласы, 58 ФЗО мектебінің оқушылары), С. Пірімбетов (Қызылорда облысы, Педагогикалық училищенің оқушысы).

## М А З М У Н Ы

С. Сеитов — Туған күнім (өлең) . . . . .	бет	Г. Граков — Жас гвардия (пьеса, үзінді) . . . . .	16
30 жыл . . . . .	2	С. Бақбергенов — Әке даңқы (әңгіме) . . . . .	19
Ж. Түрбеков — Қараңдаршы, достарым (өлең)	4	Қ. Мыңжанов — Еңбек ері (очерк) . . . . .	21
Біз Октябрьді жырлаймыз . . . . .	5	З. Айтмағамбетов — Қазақтың биязы жүнді қойы	22
В. Ковытин — Жалынды комиссар . . . . .	6	Х. Ганутдинова — Дружиңның жаңа советі	
А. Нұрқанов — Халық батыры . . . . .	7	іске кірісті . . . . .	23
Ә. Тәжібаев — Адам (поэма, үзінді) . . . . .	8	Б. Макаренко — Әрбір пионер ГТОның болашақ	
С. Нурпейісов — Октябрьдің құрдасы . . . . .	11	значкісті . . . . .	23
Октябрьдің ұрпақтары . . . . .	12	Авторы кім . . . . .	24
Бақытты балалық шағымыз үшін әкеміз ұлы		Білгім келеді . . . . .	
Сталинге рахмет! . . . . .	14		

Мұқабаның 1 және 4 беттеріндегі суреттерді жасаған суретші Н. Бортников.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, К. Борамбаев, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.  
Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73, Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 25, XII 1947 г.

УГ4588

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3. Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР  
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 957

462303




Оқушыларымыздың  
сұрауларына  
жауап

**«АВРОРА» КРЕЙСЕРІ ҚАЗІР  
ҚАЙДА?**

Семей облысы, Ақсуат орта мектебінің 5-класының оқушысы Марат Кенжебаевтың сұрауына жауап.

1917 жылғы Октябрь күндерінің қарсаңында «Аврора» крейсери Нева өзенінің фин қолтығына құйылысында ремонтта тұр еді. Уақытша үкімет «Аврораны» Хельсинки қаласына жіктуді бұйырды. Үкіметтің ондай бұйрығы — жауынгер кемелің матростарын халық көтерілісін қолдаудан аулақ жіктету болатын. Бірақ, бұл кездің кезінде-ақ кеме Смольныйдағы революция штабына бағынатын кеме комитетінің қолына көшкен еді.



Революция штабының бұйрығы бойынша, «Аврора» крейсери Нева өзенін өрлеп келіп, октябрьдің 25-інен 26-ына қараған түні (ескі стиль бойынша) Қысқы сарайға зеңбірек оғын жітті. «Аврораның» дабылына еріп, қарулы жұмысшылар, солдаттар және матростар Қысқы сарайды алуға кірісті.

Міне, содан бастап «Аврора» крейсери Ұлы Октябрь социалистік революциясы мен бірге аталатын болды, жаңа заманның дабылшысы ретінде, тарихтан орын алды. Октябрь революциясынан кейін «Аврора» оқу орнына, демек жас теңізшілер келіп теңіз ісіні үйренетін кемеге айналды.

Ұлы Отан соғысы басталғанда, «Аврора» Фин қолтығының оң түстік жағалауында бір күшкене гаваньда

тұрған болатын. Кәрі теңізшілер сыяқты, ол да Ленинградты қорғауға аттанды.

«Аврораның» зенитчиктері күндіз-түні бірдей Ленинградты жау самолеттерінің шабуылынан қорғады. Немістер оқтын-оқтын крейсерге оқ жаудырып тұрды. Сондай бір оқ нәсері жауып тұрған кезде, кемелің жалауы ушып түседі. Теңізшілер дәстүрі бойынша жалауы құлаған кеме жеңілген кеме бол есептеледі. Бірақ жеңілу деген «Аврораның» ер-жүрек матростарының өкі тұрғай түсінде де ойламаған нәрселері еді. Жау зеңберегінің атқылауы аяқталмай-ақ, олар айбынды жалауды кеме үстіне қайтадан қадайды.

Сөйтіп «Аврораның» бағыр матростары тоғыз жүз күндей кеуделерін оққа төсеп, Ленинград қаласын неміс басқыншыларынан қорғаушылардың алдыңғы сапында болды.

Қазір Қызыл Тулы «Аврора» крейсери Ленинградтағы Нахимов училищесінде оқытқан жас теңізшілердің қарауына берілген.

**ҚАҒАЗ ҚАЛАЙ ЖАСАЛЫНАДЫ?**

Алматы облысы, Қаскелең орта мектебінің оқушысы Манас Кенжекеевтің сұрауына жауап.

Қағаз туңғыш рет біздің дәуіріміздің III ғасырында Қытайда ойлап шығарылған. Европада қағазды X—XI ғасырлардан бастап қана шығара бастайды.

Қағаз қарағай, емен сыяқты ағаштардан түрлі химиялық заттар қосып жасалынады. Алдымен ағаш суы күйінде машинамен тасқа жанышталып үгітіледі. Содан соң оны майдан, түрлі бояулардан арылту үшін сілтімен жуады, Тазартқан үгіндіге ақшыл түс беру үшін, оны хлорлы известь немесе сұйық хлормен шаяды. Тазартылған үгіндіні қоймалжынданғанша қайнатады. Ол қоймалжынданған затқа су қосып, қайтадан сұйылтады да, созылмалы сұйық зат күйінде оны таптап қағаз қалпына келтіретін машинаға береді. Қағаз жасап шығаратын қолайлы машинаны 1799 жылы француз ғалымы Луй Роберт ойлап тапқан.



Қарағандыдағы Молотов атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері пионер бөлмесінде өздерінің оқыған кітаптары туралы әңгімелесіп отыр. Суретті түсірген П. Редько.



ВСЯ ВЛАСТЬ  
СОВЪТАМЪ!

1405